

«АУЫЛДЫҢ ӨРКЕНДЕУІ - ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕПІЛІ»

Кейінгі жылдары «Ауыл» партиясы белсенділігімен көзге түсіп келеді. Ірі саяси ұйымның жоба-жоспары көп.

ЕСТИТІН ӨКІМЕТ



11-бет

Жәрдем БАЙМУҚАНОВ,
Аралтөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

«БЕС-АЛТЫ УӘДЕНІҢ ЕҢ БОЛМАСА ЕКІ-ҮШЕУІ ОРЫНДАЛСА ЕКЕН...»

Осыдан үш апта бұрын Сырым ауданының Аралтөбе ауылдық округіне іссапармен барып, жергілікті жұртпен жүздесіп қайттық.

ӨКПЕ-РЕНІШ



14-бет

АҚСАҚАЛДЫҢ АРЫЗЫ...

Жуырда Бөкей ордасы ауданындағы Бисен ауылының тұрғыны Абылғазы Шыңғалиев есімді ақсақалдан хат келді.

ORAL ÓNİRİ

№56 (21553)

Жұма,
10 шілде 2026 жыл

КӘСІПТІҢ КӨРІГІН ҚЫЗДЫРҒАН КӨРМЕ



Оксана КАТКОВА

Кеше, яғни 9 шілдеде шаһардағы Салтанат сарайында «Қазақстанның үздік тауары» атты өңірлік көрме-байқауы өтті.

Бұл іс-шараны Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлік палатасы ұйымдастырды. Аталмыш көрмеге өңірдегі кәсіпкерлер мен ЖШС, ЖК жетекшілері қатысты. Олар азық-түлік өнімдерін, ұлттық нақыштағы бұйымдар мен киім-кешектерді, сондай-ақ тұрмысқа және өндіріске арналған құрылғыларды көпшілік назарына ұсынды. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев көрме-байқаудағы тауарларды аралап көрді. Өңір басшысы кәсіпкерлердің еңбегін жоғары бағалап, олардың ел экономикасының өсіп-өркендеуіне қосып жатқан үлесін ерекше атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

Тағдыр кей адамды сынайды. Бірақ сыннан сүрінбей өткен жан ғана өзгеге шамшырақ бола алады. Жәнібек ауданының Ақоба ауылынан шыққан Ринат Қайратұлы Қалмияров – сондай азаматтардың бірі.

Қайсар жан

Бір кездері бозкілемде қарсылас шақ келтірмеген балуан – бүгінде бочча спортында ел мерейін асырып жүрген чемпион. Оның өмір жолы қайсарлықтың, төзімнің және туған жерге деген адалдықтың жарқын үлгісі.

Ринаттың спорттағы сапары өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ауыр кезеңінде басталды. Ақоба ауылында алғашқы күрес әліппесін меңгерген талапты жас кейін Орал қаласындағы педагогикалық колледждің спорт факультетінде білім алып, Батыс Қазақстан педагогикалық университетінде оқуын жалғастырды. Туған жеріне оралған соң ауылында жаттықтырушы болып еңбек етіп, қазақ күресінің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

(Жалғасы 2-бетте)





Кәсіптің көрігін қыздырған көрме

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгін – өңіріміздің бизнес қауымдастығы үшін айрықша күн. Біз қалыптасқан игі дәстүрмен «Алтын сапа» және «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының өңірлік кезеңіндегі жеңімпаздарын анықтағалы тұрмыз. Баршаңызды осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Облысымызда еңбек етіп келе жатқан әрбір кәсіпкердің жетістігі – тұтас еліміздің мерейі. Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы ілгерілетумен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысуларыңыз – өз кәсібіне адал, нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет.

Жыл сайын бұл іс-шараның маңызы артып келеді. Себебі бұл – жай ғана көрме емес, отандық тауар өндірушілерді қолдаудың, ұлттық брендтерімізді ұлықтаудың басты алаңы. Жаңа ғана көрмені аралау барысында Батыс Қазақстанның өндірістік әлеуеті қаншалықты жоғары екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы», – деп нақты міндет қойған болатын. Бүгінгі алаң осы мақсатқа қызмет етіп, кәсіпкерлер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға, жергілікті өнімдердің өткізу нарығын кеңейтуге зор мүмкіндік береді.

Мықты әрі бәсекеге қабілетті бизнес – кез келген мемлекеттің басты тірегі. Бұл бағытта біздің облыстың орны ерекше, көрсеткіштеріміз де ауыз толтырып айтарлықтай. Өткен 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңірлік жалпы өнім көлемі 5 триллион теңгені құрады. Облысымыз өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі жағынан елімізде төртінші орынды нық иеленіп отыр. Республиканың жалпы өнеркәсіп көлеміндегі үлесіміз 5,6%-дан асты. Бұл серпін биыл да жалғасын табуда. 2026 жылдың алғашқы 5 айы-



ның қорытындысы бойынша өнеркәсіп көлемі 1,7 триллион теңгеге жетті. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 141,2 миллиард теңгені құрап, тұрақты өсімді көрсетті. Өткен жылы өңдеу саласында құны шамамен 9,9 миллиард теңге болатын 5 ірі инвестициялық жоба іске қосылды. Өңірімізге тартылған негізгі капиталдағы инвестицияның тең жартысына жуығы, яғни 49%-ы дәл осы өнеркәсіп саласына бағытталған. Осы орасан зор көрсеткіштер – сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің жемісі. Мемлекет сіздердің бастамаларыңызды әрдайым қолдайды, – деді Нариман Төреғалиұлы.

«Women Art Дизайн» ұлттық өнер галереясы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін арқау еткен картиналар салып, ұлттық нақыштағы бұйымдар мен кәдесыйлар жасаумен айналысады. Аталмыш компанияның жетекші директоры Сандұғаш Аюпованың айтуынша, картиналардың барлығы таза былғарыдан жасалады.

– Биыл компаниямыздың құрылғанына 26 жыл болды. Қазақы нақыштағы мұндай картиналар 2000 жылдары нарыққа шықты. Алғашқы жылдары төрт қана жұмысшымыз болды. Оған қоса, материалдық-техникалық мүмкіндік те шамалы болатын. Бірақ біз мойымай, кәсібімізді жалғастыра бердік. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде ширек ғасыр ішінде талай жетістіктерге жеттік. 2025 жылы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында өткен былғарыдан жасалған бұйымдар байқауында картинамыз

үздік деп танылып, бірінші орынға ие болдық. Өзіміздің идеямызбен жасалған әр картина ауторлық құқықпен қорғалған. Бүгінде ел-жұрттың осындай өнер туындыларына қызығушылығы артып келеді. Біз жасаған бұйымдар өңірімізге келген қонақтарға есте-лік ретінде беруге таптырмас сыйлық деп есептеймін, – деді компания директоры.

Орал қаласындағы «Дәстүр» ағаш шеберханасы ағаштан түрлі ыдыс-аяқ жасайды. Ағаш шеберханасын Назгүл Ахметова 2020 жылы негізін қалаған. 2023 жылы «Даму» қорынан жеңілдетілген пайызбен 20 млн теңге несие алған. Кәсіпкер бұл қаражатқа ағаш жонуға, өңдеуге қажетті құрылғылар сатып алыпты.

– Қазіргі кезде бұйым жасауға қажетті шикізатты көршілес РФ-дан алдыртамыз. Ағаш ыдыс-аяқ дайындау кезінде негізінен емен, жөке ағаштарын қолданған абзал. Сонда ғана бұйым сапалы әрі ұзақ уақыт пайдалануға жарамды болады. Алайда азаматтар көп жағдайда бұйымның сапасынан бұрын, оның бағасын бірінші кезекке қояды. Ал арзан бағадағы ағаш ыдыс-аяқ көбіне теректерден жасалады. Ал ол ыстыққа төзімсіз келеді. Ыстық ет салғанда жарылып, сынып кетуі мүмкін. Біз – сапаға жұмыс істейміз. Шикізат бағасы мен оны тасымалдаудағы жол шығынын есептегенде біздің тауарымыз нарықтағы бағадан сәл жоғары, – деді Н. Ахметова.

Бәйтерек ауданындағы Ми-чурин ауылының тұрғыны Назира Сыдықбаева 2006 жылдан

бері ұлттық тағамдар жасаумен айналысады. Оның бұл кәсіпті бастауына марқұм ұлы себепкер болған екен.

– 2006 жылы ұлым Рамазан сал ауруымен дүниеге келді. Біз оны Ресей Федерациясы, Қытай секілді медицинасы дамыған елдерде емдеттік. Бірақ қанша жерге барсақ та, баламыздың дертіне шипа таппадық. Сөйтіп, мен «Ана ретінде балам үшін не істей аламын?» деген ойға келдім. Балама тым құрығанда табиғи азық-түлік бергім келді. Осылайша қаймақ, сүт, ет өнімдерін көбейту үшін мал басын көбейттік. Кейін ауыл тұрғындары табиғи өнімдерді сатып алып жүрді, біртіндеп кәсіпке айналды. 2017 жылы «Бастау» бағдарламасымен алты пайыздық үстемемен несие алдым. Ал өткен жылы Іскер әйелдер қауымдастығының қолдауымен Байқоныс ауылынан маған жер берілді. Жер учаскесіне үй және қоражай салып жатырмыз. Болашақта қаланың ортасынан «Рамазан» деп аталатын дүкен ашқым келеді, – дейді кәсіпкер әйел.

Рахима Сағиева өзінің жеке кәсіпкерлігін осыдан он жыл бұрын ашқан. Мүлкті бағалаушы мамандығын меңгерген ол, декреттік демалыста жүргенде көлөнер бұйымын жасауға құлшынысы оянады. Кейін тапсырыс беретін қыз-келіншектер көбейіп, кәсіпкер алқа, білезік секілді әшекей бұйымдар жасауды бастайды.

– Мендегі бұйымдар «Сутаж әдісі» арқылы жасалады. Яғни бұл – өрме таспа арқылы әшекей бұйымдар мен киімдерді безендіру техникасы. Қазіргі

таңда бала күтіміне қоса, кәсіпті де дөңгелетіп отырмын. Үйімнің бір бөлмесін өндіріс цехы ретінде жасақтадым. Жыл сайын өтетін осындай көрмелерге қалмай қатысамын. Алдағы жылдарда мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіп көзін кеңейткім келеді, – деді Р. Сағиева.

Кейде тағам құрамындағы кейбір қоспалар адамдарға жақпайды. Мұндай жағдайда тағамды тұтынушының талғамына қарай әзірлейтін кәсіпкерлер де бар. Соның бірі – «Бибігүл» ЖК жетекшісі Бибігүл Сағиева.

– Үлкен ұлымның тағам қоспасындағы бояғыштарға аллергиясы бар. Осы себепті мен дүкеннен дайын тағам сатып алудан гөрі, өз бетімше пісіргенді жөн көремін. Осы күндері қаламыздағы «Жұлдыз» шағынауданындағы баспанамда шағын цехым бар. Тұрақты тұтынушыларым үйге келіп, азық-түлік сатып алады. Қой, сиыр және жылқы етінен шұжық, қазы, сондай-ақ ысталған құйрық май дайындалады. Етті өзім тек «Халал» сертификаты бар дүкендерден ғана сатып аламын. Қазірдің өзінде екі әйел адамды жұмыспен қамтып отырмын. Біз дайындаған шұжық өнімдері «ALBI» ныспысымен шығады. Бұл бренд атауы Алаң және Биболат ұлдарымның алғашқы екі әрпінен құрастырылған. Болашақта тұтынушылар «Маған «ALBI» өнімін беріңізші» дегенде, түрлі тағамдар жиынтығын ұсынатын боламын, – деді кәсіпкерлік жетекшісі.

Іс-шарада келушілер көрмеге қойылған түрлі бұйым мен табиғи азық-түлікті сатып алды. Өңір басшысы Нариман Төреғалиев өңір экономикасын өркендетуге үлес қосып келе жатқан кәсіпкерлерге алғысхаттар табыстады. Сондай-ақ «Халыққа арналған үздік тауарлар», «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлары» аталымдары бойынша өңірдің тоғыз кәсіпорны жеңімпаз атанды. Олардың қатарында «Имар», «МЕКО», «Оқжетпес life», «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы», «QazExpoCenter-Pipe», «Конденсат», «Желаев нан өнімдері комбинаты», «Маканова» және «Қазақбас» кәсіпорындары бар.

**Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»**



Оксана КАТКОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жас балуан ретінде аудандық, облыстық жарыстарда топ жарып, салмағы өзінен әлдеқайда ауыр қарсыластарын жеңіп, «Түйе палуан» атанған кездері де аз болған жоқ. Оның тәрбиесін көрген шәкірттері бүгінде аудан спортының өркендеуіне үлес қосып жүрген білікті мамандар мен елге қызмет етіп жүрген азаматтарға айналды. Алайда 2005 жылы ауыл тойында өткен шешуші белдесуде алған ауыр жарақат оның тағдырын күрт өзгертті. Үлкен спортпен қош айтысуға

Қайсар жан

мәжбүр болды. Көп адам мұндай соққыдан кейін өмірге өкпелеуі мүмкін еді. Бірақ Ринат Қалмияров тағдырға емес, өзіне сенуді таңдады.

Арбаға таңылса да, рухын ешкімге еңкейтпеді. Кәсіп бастап, «Қайрат» шаруа қожалығын құрды. Туған ауылындағы спорттық іс-шаралардың тұрақты демеушісіне айналды. Ат спортының дамуына қолдау көрсетіп, жас маманға жылқыларын сеніп тапсырды. Жас балуандарға құны 400 мың теңге болатын

жаңа бозкілем сыйлап, бала күнгі арманын өзгелердің қуанышына айналдырды. Бірақ Ринаттың жеңіс жолы мұнымен аяқталған жоқ. Өмірдің жаңа белесінде ол бочча спортын жанына серік етті. Осындай спорт түрі бар екенін оған досы, Әскербек Нұрмұханов айтты. Ол алғашында келіспегенімен көп ұзамай бұл спортқа ғашық болды. Ерік-жігер мен табандылықтың арқасында аз уақыттың ішінде үлкен жетістікке жетіп, Қазақстан Республикасының

чемпионы атанды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын иеленіп, тағдырдың адамды емес, адамның тағдырды жеңетінін дәлелдеді. Бұл – бір адамның ғана жеңісі емес. Бұл – жігердің, сенімнің, қайсар рухтың жеңісі.

Күні кеше Мәншүк Мәметова атындағы халықаралық әуежайда Қазақстан чемпионы атанған Ринат Қалмияровты туған жердің азаматтары, ауылдастары, шәкірттері мен спорт жанашырлары зор құр-

метпен қарсы алды. Ақжарма тілектер айтылып, қазақы дәстүрмен иығына шапан жабылды. Бұл – чемпионға көрсетілген құрмет қана емес, қайсарлыққа деген тағзым еді.

Ринат Қалмияровтың өмір жолы бүгінгі жастарға үлгі. Жеңіс тек медальмен өлшенбейді. Нағыз жеңіс – тағдырдың ең ауыр сынағына мойымай, қайтадан өз жолыңды тауып, өзгеге үміт сыйлай білу. Ринат мұны өзінің қайсарлығымен дәлелдеген азамат.

**Орынбасар ҒИЛЫМОВ,
Орал қаласы**



Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Бәйтерекке жұмыс сапарымен барып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысын, сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бірқатар стратегиялық нысандардың жұмысын бағамдады. Сапар аясында өндіріс, қауіпсіздік, білім беру және аграрлық сектордағы өзекті мәселелер қаралып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді.

Өңірімізде жол құрылысымен айналысатын жетекші компаниялардың бірі болып саналатын «ДСК Приоритет» ЖШС Үлкен Шаған ауылының тұсында модульдік үлгідегі асфальт-бетон зауытын салтанатты түрде іске қосты. Жол құрылысы мен логистикалық

Бүгін біз өңірдегі ірі жол құрылыс кәсіпорындарының бірі – «ДСК Приоритет» мекемесінің жаңа асфальт-бетон зауытының ашылуына куә болып отырмыз. Сағатына 175 тонна өнім шығаратын бұл кәсіпорын жол құрылысы жұмыстарының қарқынын арттырып, сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.



Сапалы жол, отандық өнім, қауіпсіз орта – өңір дамуының күретауыры

сапаны жақсартуды мақсат тұтқан бұл жобаның жалпы құны 400 млн теңгені құрайды. Заманауи технологиялармен жабдықталған модульдік зауыттың басты артықшылығы – оны кез келген құрылыс учаскесіне тез арада көшіруге болады. Мұнда сағатына 175 тонна жоғары сапалы өнім өндіріледі және жұмыс үрдісі толықтай автоматтандырылған. Қазіргі таңда осы кәсіпорын арқылы 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Нысанның ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімі жаңа өндіріс орнының аймақ үшін маңыздылығына тоқталды.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде жол-көлік инфрақұрылымын дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Жол салу ғана емес, оны сапалы әрі ұзақ мерзімге жарамды етіп пайдалануға беру – біздің басты міндетіміз. Облысымызда осы бағытта 2023 жылдан бері ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Соңғы үш жылда республикалық, облыстық, аудандық, қалалық маңызы бар жолдарды қоса есептегенде 1500 шақырымнан астам жол жөнделіп, жаңартылды. Бұл мақсатқа мемлекет тарапынан 271 млрд теңге бөлінді. Жыл сайын орта есеппен 500 шақырымнан астам жол пайдалануға берілуде. Биыл облыста 72 млрд теңгеге 480 шақырым жолды жөндеу және салу жұмыстары жүргізілуде.

«ДСК Приоритет» бүгінде республикалық маңызы бар Орал – Атырау аутожолындағы орташа жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ Подстепное – Федоров – РФ шекарасы бағытындағы аутокөлік жолын қайта жаңғырту жобасын жүзеге асырып жатыр. Жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Сондықтан мекеме басшылығы мен еңбек ұжымына атқарып жатқан жұмыстары үшін ризашылығымды білдіремін. Жол – экономиканың күретауыры. Көлік қатынасы жақсармайынша, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айту қиын.

Бүгінде облыс аумағындағы аутокөлік жолдарының 60 пайыздан астамы ғана қанағаттанарлық жағдайда. Сондықтан алдағы уақытта да ірі инфрақұрылымдық жобаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыра береміз. Биыл Подстепное – Федоров – РФ шекарасы бағытындағы 144 шақырымдық жол толық пайдалануға беріледі. Сонымен қатар Орал – Атырау аутожолында 180 шақырымға жуық орташа жөндеу жұмыстары аяқталады. Бұған қоса, Казталов – Ақжайық бағытындағы 17 шақырым жолға да орташа жөндеу жүргізілуде. Бұл жол 2010 жылдары салынған болатын. Ауыр жүк көліктерінің қозғалысына байланысты жол жабыны тозғандықтан, биыл оны қайта қалпына келтіру қолға алынды. Жоба жыл соңына дейін бітеді, – деген Нариман Төреғалиұлы бұл істе, ең бастысы, әрбір жол сапалы салынып,

белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі тиіс екенін атап өтті.

«ДСК Приоритет» ЖШС-нің басшысы Жанна Тәжіғұлдың айтуынша, бүгінде кәсіпорын республикалық және облыстық маңызы бар аутожолдарды жөндеу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Біздің мекеменің ұжымы жол құрылысы саласында тұрақты еңбек етіп келеді. Құрылыс маусымы кезінде жұмыспен қамтылушылар санын арттырамыз. Жылдағыдай биыл да техникалық паркіміз жаңа арнайы техникалармен толықты. Германиядан шығарылған Vögele асфальт төсегіші, Wirtgen Group компаниясының жол фрезасы, сондай-ақ өзге де заманауи жол құрылыс техникалары сатып алынды. Бұл жұмыстардың сапасын арттырып, белгіленген мерзімде аяқтауға мүмкіндік береді.

Жергілікті атқарушы құрылымдардың қолдауымен Үлкен Шаған ауылы маңында асфальт-бетон өндіретін жаңа модульдік зауытымыз іске қосылғандығына қуаныштымыз. Бүгінгі күнге дейін шамамен 90 шақырым жолға ірі түйіршікті асфальт-бетон жабыны төселді. Жоба аясында ескі жол қабаты арнайы техникамен фрезерленіп, кейін ірі және ұсақ түйіршікті асфальт-бетон кезең-кезеңімен төселуде. Сонымен қатар 25 шақырым жолда ресайклинг технологиясы (ескі жолды толық бұзып тастамай, оның қолданыстағы қабатын арнайы техникамен қайта өңдеп, жаңа жол негізін қалыптастыру әдісі) қолданылуда. Құрылыс жұмыстарының үздіксіз жүруі үшін мекеме өз қаражаты есебінен 17 шақырымдық айналма жол салды. Жоба биыл толық аяқталады деп жоспарланып отыр. Мемлекет пен жергілікті атқарушы құрылымдар тарапынан қолдау жалғасса, техникалық базамызды одан әрі жаңартып, барлық жобаны уақытылы әрі сапалы аяқтауға толық мүмкіндігіміз бар. Әсіресе, жол салушы компаниялар үшін арнайы техникаларды сатып алуда суб-

сидиялау маңызды. Биыл қайта жаңғырту және орташа жөндеу жұмыстарын қоса есептегенде, 156 шақырым жолды пайдалануға беру көзделуде, – деді кәсіпорын басшысы.

Осы сапары барысында облыс әкімі ауылдық елді мекендердегі төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздікті күшейту мақсатында Үлкен Шаған ауылында былтыр салынған заманауи өрт сөндіру бекетінің жұмысымен танысты. Өткен жылдың қазан айында пайдалануға берілген бұл бекет бүгінде 2 арнайы техникамен жабдықталып, 39 маман қызмет етуде. Бекет қызметкерлері 4,2 мыңнан астам тұрғыны бар бес бірдей елді мекеннің өрт қауіпсіздігіне тікелей жауапты. Сонымен қатар жергілікті атқарушы құрылымның өтініші бойынша тасқын суды сору жұмыстарына да белсенді араласады. Ғимарат ішінде жұмысшылар үшін барлық жағдай жасалған: қызметтік бөлмелер, мұрағат, асхана және оқу кабинеті қарастырылған. Төтенше жағдайда жедел әрекет етіп, тілсіз жауды дер кезінде оқшаулау үшін мұндай бекеттердің ауылдық жерлерде орналасуы аса маңызды екенін атап өткен өңір басшысы жеке құраммен әңгімелесіп, олардың қызмет жағдайы мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне қатысты мәселелерді сұрады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан қолбайлау болып тұрған үлкен мәселе жоқ. Дегенмен бекеттен республикалық тасжолға шығатын 200 метрлік жолды қиыршық таспен немесе асфальт үгіндісімен нығайтып берсе деген өтінішіміз бар. Жаңбырлы күндері жол лайсаң болып, арнайы техниканың қозғалысына қолайсыздық туғызады. Қазіргі таңда өз күшімізбен қиыршық тас төсеудеміз, бірақ бұл мәселені толық шешпеді, – деді төтеншеліктер. Өңір басшысы көтерілген мәселенің орынды екенін айтып, жауапты сала басшыларына мердігер мекемемен бірлесіп шешу жолдарын қарастыруды тапсырды.

– Бұл – ауқымды мәселе емес, – деді Нариман Төреғалиұлы. Егер жолдың осы бөлігі талапқа сай жасалса, арнайы техниканың шығуына да, жалпы бекеттің жұмысына да қолайлы болады. «ДСК Приоритет» мекемесі басшылығымен сөйлесіп, оны шешудің жолын қарастырайық.

Сапар аясында облыс әкімі Үлкен Шаған мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінде де болды. 1978 жылы пайдалануға берілген, орталықтандырылған су және жылу жүйелеріне қосылған бұл білім ұясының бүгінгі ахуалы ерекше назар аударуды талап етеді. Мұнда өткен оқу жылында 398 шәкірт білім алса, мектепалды даярлық тобында 28 балдырған, ал балабақша бөлімінде 65 бүлдіршін тәрбиеленуде. Бұл ғимарат 2024 жылы апатты деп танылған. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты мәжіліс және спорт залдары жабылған, сынып жетіспеушілігі де үлкен қолайсыздық тудырып отыр. Аймақ басшысы жас ұрпақтың алаңсыз білім алуы мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін екпін түсіріп айтты. Қазіргі уақытта жаңа мектеп салу бойынша жоба жасақталып, мердігер мекеме анықталған. Соған сәйкес жобаны жүзеге асыруға қатысты туындаған мәселелерді шешу жолдары жіті қарастырылуда.

Сапар аясында облыс әкімі Көшім ауылдық округінде орналасқан, ширек ғасырға жуық тарихы бар «Урожай» шаруа қожалығының егіс алқабына да барды. Юлия Кан жетекшілік ететін бұл қожалық бұрыш, байлды, қияр, қызанақ және өзге де көкөніс түрлерін өсірумен айналысады. Биыл олар 50 гектар алқапқа бау-бақша дақылдарын еккен.

Шаруашылықта 29 адам тұрақты еңбек етеді. Көшімдік бұл іргелі қожалық 2017 жылы әр гектардан 120 тонна өнім алып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізген болатын. Бүгінде олардың табиғи өнімдері жергілікті нарыққа қоса, көршілес Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарына жөнелтуде. Нариман Төреғалиев шаруашылық жұмысына оң баға беріп, минералды тыңайтқыштарды субсидиялау және өзге де бағыттар бойынша мемлекет тарапынан қолдаулар жалғаса беретінін жеткізді.

Гүлжаз БАДЕЛОВА,
Бәйтерек ауданы





«Ауылдың өркендеуі – елдің тұрақты дамуының негізгі кепілі»



АУЫЛ

Кейінгі жылдары «Ауыл» партиясы белсенділігімен көзге түсіп келеді. Ірі саяси ұйымның жоба-жоспары көп. Атының өзі көзге жылы ұшырайтын партия белсенділері игі бастамалар төңірегінен табылып жүр. «Ауыл» партиясы БҚО филиалының аппарат басшысы Ғайса Қапақов партияның өңірдегі қосынының қадамы, алдағы саяси науқанға дайындық мәселесі туралы сауалдарымызға жауап берді.

– Ғайса Хамидоллаұлы, «Ауыл» партиясының Батыс Қазақстан облыстық филиалының қазіргі мүшелік құрамы туралы айтып өтсеңіз. Филиал қатарында қанша адам бар? Мүшелердің орташа жасы қандай? Жалпы құрамдағы жастардың үлесі қанша пайызды құрайды?

– «Ауыл» партиясының Батыс Қазақстан облысы бойынша құрамында 6 мыңнан астам мүше бар. Былтыр бір жылдың ішінде 2100 адам электронды өтінім арқылы тіркелді. Партияға қабылданып жатқандардың 60 пайызы – жастар. Негізгі үлесі 40 пайыздан асады.

– Сайлау жүйесіндегі соңғы өзгерістер партия жұмысына қалай әсер етуде? Партия кандидаттарын іріктеуде қандай талаптарға басымдық беріледі? Әйелдер мен жастардың саяси белсенділігін арттыру үшін қандай жұмыстар жүргізілуде? Саяси бәсекелестіктің күшеюі партияларға қандай талаптар жүктейді?

– Кейінгі жылдары еліміздің сайлау жүйесінде жүзеге асырылған реформалар саяси партиялардың қызметіне жаңа серпін берді. Сайлау үдерісінің ашықтығы артып, саяси бәсекелестік күшейді. Бұл партиялардан халықпен тығыз байланыс орнатып, қоғам сұранысына сай нақты ұсыныстар мен тиімді шешімдерді талап етеді.

Біздің партия әртүрлі бағытта бірнеше жүздеген ұсыныс пен шешім қабылдады. Мысалы, су шаруашылығын дамытуға байланысты жаңа Кодекс іске қосылуына мұрындық болды. Мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу мен экспортты дамыту, егіншілік және бау-бақша шаруашылығы саласы бойынша құқықтық мәселелерді реттеу, ауыл шаруашылығы техникаларын жасауға мемлекеттік қолдау, ақбөкендердің санын рет-

теу, ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлерінің мәртебесін арттыру мәселелеріне көңіл бөліп келеді. Ауыл әйелдерінің кәсіпкерлігі, жергілікті аймақтағы ипотека, фермерлердің өнімдерін сатып алу жүйесін құру, ауыл жастарын жұмыспен қамту туралы бастамаларды да көтеріп жүр. Жас мамандарды ауылдық жерде үймен қамтамасыз ету, ауыл мектептерінің білім сапасы деңгейін арттыру, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа тарту, медицина мамандарының тапшылығы, айта берсек, көптеген мәселені қаузауымыз.

Осыған байланысты партия кандидаттарын іріктеген кезде олардың кәсіби біліктілігіне, қоғамдағы беделіне, жауапкершілігіне және халықпен жұмыс тәжірибесіне ерекше мән беріледі. Сонымен қатар өңірдің өзекті мәселелерін жақсы білетін, партия бағдарламасын жүзеге асыруға қабілетті азаматтарға басымдық беріледі.

Партия әйелдер мен жастардың саяси белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Осы бағытта партия жанындағы Ана, бала және отбасы мәселелері жөніндегі комиссия мен «Ауыл ажары» әйелдер қозғалысы жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Аталған құрылымдар арқылы әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге араласуға мүмкіндік беруге, отбасы институтын нығайтуға және жастардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға бағытталған түрлі жобалар мен іс-шаралар ұйымдастырылады. Партия ұйымдастыруымен «Ауыл ойындары», «Батаменен ел көгерер» байқауы, «Ауыл нақыштары» фотобайқауы, «Кітап – өмір өзегі» алыс ауылдарға кітап сыйлау акциясы, «Таза Қазақстан», «Мен – донормын!» акцияларын атап айтсақ болады.

Жалпы бүгінгі саяси бәсекелестік партиялардың жұмысына жоғары талап қояды. Сондықтан біздің басты мақсатымыз – азаматтардың сенімін ақтап, халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған нақты жобалар мен бастамаларды жүзеге асыру арқылы қоғам дамуына өз үлесімізді қосу.



– Елде ауқымды саяси реформалар жүзеге асырылып жатыр. Соның ішінде қос палаталы Парламенттің орнына бірпалаталы Құрылтайдың құрылуы қоғамда қызу талқылануда. Осы өзгерістер аясында «Ауыл» партиясы алдағы саяси науқанға қаншалықты дайын? Жергілікті мәслихаттар мен Құрылтай құрамына кандидаттар ұсыну бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Осы өзгерістер аясында қоғамдық-саяси институттардың рөлі артып, саяси партияларға жаңа міндеттер жүктелуде. «Ауыл» партиясы бұл үдерістерге белсенді қатысып, алдағы саяси науқанға жүйелі түрде дайындық жүргізуде.

Бүгінде партия өңірлердегі ұйымдық құрылымдарын күшейтіп, кадрлық резервті қалыптастыру жұмысын жалғастыруда. Жергілікті мәслихаттар мен Құрылтай құрамына ұсынылатын кандидаттарды іріктеу кезінде олардың кәсіби біліктілігіне, қоғамдағы беделіне, ел мен жер тағдырына жауапкершілікпен қарай білуіне және халықпен жұмыс тәжірибесіне басымдық беріледі.

Бүгінгі таңда 170-тен астам резервтегі кадрды дайындадық, енді оларды әртүрлі жұмысқа тартып, біліктілігі мен қабілеттілігін тексерудеміз. Олардың арасында белсенді жастарды, әйелдерді, еңбек адамдары мен ауылдық жерлердегі беделді азаматтарды қоғамдық-саяси қызметке тартуға басымдық берудеміз.

Біздің басты мақсатымыз – қоғам сеніміне ие болатын, ел мүддесін қорғай алатын және ауылдық аумақтардың дамуына нақты үлес қосатын білікті азаматтарды ұсыну. Сондықтан партия алдағы саяси науқанға дайындық жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізіп, барлық деңгей-

дегі сайланбалы құрылымдарда халық мүддесін лайықты қорғайтын өкілдердің болуына күш салуда.

– Биыл Орал қаласында «AUYL INVEST FEST. Қой шаруашылығы 2.0» фестивалі өтті. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты қандай болды? Фестиваль аясында қандай нәтижелерге қол жеткізілді және біздің өңірдегі ауыл шаруашылығын дамытуға берер пайдасы қандай деп ойлайсыз? Басқа да тың жобалар жоспарланып отыр ма?

– Орал қаласында өткен «AUYL INVEST FEST. Қой шаруашылығы 2.0» фестивалінің басты мақсаты – қой шаруашылығы саласындағы заманауи технологияларды, озық тәжірибелерді және инвестициялық мүмкіндіктерді насихаттау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірушілері, ғалымдар мен инвесторлар арасында тиімді байланыс орнату болды. Бұл іс-шара Мемлекет басшысының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға және ауыл экономикасының әлеуетін арттыруға бағытталды.

Фестивальдың ерекшелігі – оған шетелдік сарапшылардың қатысуы болды. Олар қой шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды мал өсіру, өнімділікті арттыру, мал өнімдерін өңдеу және экспорттау бағыттарындағы халықаралық тәжірибелерімен бөлісті. Бұл өз кезегінде жергілікті шаруалардың жаңа технологиялар мен тиімді басқару модельдері туралы білімін арттырып, саланың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жол ашты.

Батыс Қазақстан облысы мал шаруашылығын дамытуға қолайлы өңірлердің бірі болғандықтан, фестиваль нәтижелері қой шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ауыл тұрғындарының табысын көбейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға оң ықпал етеді деп есептейміз. Бұған мысал «Бірлік» шаруа қожалығындағы оң өзгерістер. Болашақта жаңа технологияны қолданып, қой санын 40 мыңға жеткізу жоспарлануда. Бұл бағытта нақты қадамдар басталып та кетті.

Алдағы уақытта да партия ауыл кәсіпкерлерін қолдау, аграрлық бизнесті дамыту, ауыл жастарының кәсіпкерлік бастамаларын ынталандыру және инновациялық жобаларды насихаттау бағытындағы іс-шараларды жал-

ғастырады. Өйткені ауылдың өркендеуі – елдің тұрақты дамуының негізгі кепілі.

– Бүгіндері «Ауыл» партиясының БҚО филиалы өңірдегі қандай өзекті мәселелерді көтеріп жүр? Әсіресе ауыл шаруашылығы саласында шешімін күткен қандай түйткілдер бар деп санайсыздар?

– Бүгінде «Ауыл» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының басты назарындағы мәселелердің бірі – ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартып, ауылдардан көші-қонды азайту. Ол үшін ең алдымен тұрақты жұмыс орындарын ашу, ауыл кәсіпкерлігін дамыту және халықтың табысын арттыру маңызды деп санаймыз. Өйткені ауылда еңбек етуге және табыс табуға мүмкіндік болған жағдайда тұрғындар туған жерінде тұрақтап қалады.

Осы бағытта партия бастамасымен «Ауыл тұрғындарының табысын арттыру» атты форум ұйымдастырылды. Форумға облыстың барлық ауылдық округ әкімдері, кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының жетекшілері мен сала мамандары қатысты. Іс-шара барысында ауыл тұрғындарының табысын көбейтудің тиімді жолдары, шағын кәсіпкерлікті дамыту, кооперация құру, мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану мәселелері кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар цифрлық сауатты арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінде көптеген мемлекеттік қызметтер мен қолдау құралдары цифрлық форматқа көшкендіктен, ауыл тұрғындарына заманауи технологияларды меңгерту маңызды. Форум аясында тәжірибелі спикерлер мен табысты кәсіпкерлер тәжірибелерімен бөлісіп, ауыл жағдайында да табысты бизнес жүргізудің нақты мысалдарын көрсетті.

Біздің мақсатымыз – ауыл халқының табысын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және жастардың ауылда қалып, еңбек етуіне мүмкіндік беретін тиімді тетіктерді қалыптастыру. Бұл ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына және өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

– Шекара маңындағы ауылдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы – қоғам назарындағы маңызды мәселелердің бірі.



Осы бағытта партия тарапынан облыс әкімдігіне, уәкілетті мемлекеттік құрылымдарға және салалық министрліктерге қандай ұсыныстар енгізілді? Оларды шешудің қандай тетіктерін ұсындыңыздар?

– Шекара маңындағы ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуы – «Ауыл» партиясының тұрақты назарындағы мәселелердің бірі. Бұл елді мекендерде халық санының азаюы, жастардың көшіп кетуі, жұмыс орындарының тапшылығы, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі сияқты түйткілдер алаңдатып тұрғаны рас. Сондықтан партия өңір тұрғындарымен кездесулер барысында көтерілген ұсыныстарды жинақтап, салалық министрліктер мен уәкілетті мемлекеттік құрылымдарға жолдап келеді.

Біздің облыста 12 ауданның 8-і шекаралық аудан болып келеді. Сондықтан біздің негізгі ұсыныстарымыздың қатарында шекара маңындағы ауылдарға арнайы мемлекеттік қолдау тетіктерін енгізу, кәсіпкерлікті дамытуға арналған жеңілдетілген несие бағдарламаларын кеңейту, жаңа жұмыс орындарын ашу және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарын көбейту мәселелері бар. Сонымен қатар жол, байланыс, интернет, ауыз су және денсаулық сақтау нысандарының қолжетімділігін арттыру қажеттігін де үнемі көтеріп келеміз.

Біздің пайымдауымызша, шекара маңындағы ауылдарды сақтап қалудың ең тиімді жолы – тұрғындарға тұрақты табыс көзін қалыптастырып, өмір сүруге қолайлы жағдай жасау. Қазіргі кезде партия ұсынысымен жаңа заң жобасы дайындалуда. Ол қабылданған жағдайда шекара маңындағы ауылдардың дамуына жаңа серпіліс береді деп сенеміз.

– «Ауыл» партиясы шаруа қожалықтарымен және кәсіпкерлер қауымымен тығыз байланыс орнатқан саяси ұйым ретінде белгілі. Мал және егін шаруашылығын дамыту бағытында шаруалар мен кәсіпкерлер тарапынан қандай бастамалар жиі көтеріледі? Партия олардың ұсыныс-пікірлерін мемлекеттік құрылымдарға жеткізу және шешімін табуға ықпал ету бағытында қандай жұмыстар жүргізіп келеді?

– «Ауыл» партиясы шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің ұсыныстарын тұрақты түрде жинақтап, оларды мемлекеттік құрылымдарға жеткізу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Тек соңғы бір жарым жылда Мә-

жілістің төрт депутаты келіп, қаланы және алты ауданды аралады. Тұрғындармен кездесулер барысында шаруалар көбіне жайылым және шабындық жерлердің тапшылығы, су мәселесі, жеңілдетілген қаржыландыруға қолжетімділік, өнімді өткізу нарығын кеңейту сияқты өзекті мәселелерді көтереді.

Осы бағытта Мәжіліс депутаттарының қатысуымен балық шаруашылығын дамытуға арналған үлкен кездесу ұйымдастырылды. Қой шаруашылығын дамыту жөніндегі форумның қорытындысы дайындалып, Премьер-министрге жеткізілді. Құс шаруашылығы жөнінде де ұсыныстар енгізілуде.

– Ғайса Хамидоллаұлы, сіз мемлекеттік қызметте жауапты лауазымдар атқарып әрі облыстық аумақтық сайлау комиссиясына біраз жыл төраға болдыңыз. Осы мол тәжірибеңізді партияның беделін арттыруға, өңірдегі жұмысын жандандыруға және сайлауды бағдарламасын жүзеге асыруға қалай пайдаланып келесіз? Саясаттағы және мемлекеттік қызметтегі тәжірибеңізден қандай маңызды сабақ алдыңыз? Алдағы бірнеше жылда «Ауыл» партиясының өңірдегі қызметінен қандай нәтижелер күтесіз?

– Мемлекеттік қызметте және сайлау жүйесінде жинақтаған тәжірибем маған ең алдымен халықпен ашық диалог орнатудың, заң талаптарын сақтаудың және әрбір шешімнің жауапкершілігін сезінудің маңызын ұғындырды. Бүгінде осы тәжірибені «Ауыл» партиясының өңірдегі жұмысын жүйелеуге, қоғамдық институттармен өзара байланысты нығайтуға және партияның сайлауды бағдарламасында көзделген міндеттерді іске асыруға пайдаланып келемін.


Әрине, тәжірибе жеткілікті. Ең бастысы, халықты тыңдай білу, екісөзді болмау, нақты істер атқару маңызды. Тұрғындармен тығыз байланыста болғанда ғана ел ішінде партияның беделі нығая түседі. Әрине, бір мезетте шешімін табуы қиын күрмеулі мәселе көп. Бірақ оның шешу жолдарын ашық айтып, дұрыс түсіндіре білсең, халық дұрыс қабылдайды. Ең абзалы, көптің көтерген мәселесін тез шешу керек, сөзбұйдаға салмау қажет.

Қазіргі заман – командалық уақыт. Партия төңірегіне адал ниетті, сөздің емес, істің адамдарын топтастыра білсек, партияның жұмысының оң нәтижесін көруге болады.

**Нұртай АЛТАЙҰЛЫ,
«Орал өңірі»**

Велошабандоздар шеруі

6 шілде – Астана күніне орай облыс орталығында көпшілік велошабандоздар шеруі ұйымдастырылды. Оған 300-ден астам тұрғын қатысты. Спорттық іс-шараға қатысқан велошабандоздардың ең жасы сегізде болса, үлкені 76 жаста. Шеруге қала тұрғындарынан бөлек, облыстың Бөкей ордасы, Казталов, Бәйтерек, Бөрлі, Теректі аудандарынан да келді. Мерекелік іс-шараға облыс әкімі Нариман Төреғалиев арнайы қатысты.



**Перизат САРИЕВА,
«Орал өңірі»**

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық спортты дамыту бөлімінің басшысы Берік Рахымғалиевтың айтуынша, велошеру жылына екі рет өткізіледі. Спорттық іс-шара өтетіндігі туралы хабарлама осыдан он күн бұрын әлеуметтік желіге жарияланған. Велошеруге қатысуға ниет білдірген адам саны көп болған. Қатысушылар арасында қарапайым тұрғындардан кәсіби спортшыға дейін бар.

Велошерушілер шаһардағы Жеңіс алаңынан бастап, №30 мектеп аялдамасына дейін, яғни 12 шақырым жүріп өтті. Төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында жорық жолының әр бұрылысына «Жедел жәрдем» мен полицияның ілесіп көлігі қойылған. Велошеру қала қозғалысына кедергі келтірместен басаяғы жарты сағатқа созылды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүгін қазақстандықтарға мерекелік құттықтауын жолдап, Астана – егемен еліміздің жүрегі, Тәуелсіздіктің символы, жарқын болашаққа ұмтылған ұлтымыздың жасампаз күш-қуатының қайнары екенін атап өтті. Президентіміз: «Елорда күні қарсаңында ұлт жылнамасындағы түбегейлі бетбұрыс кезеңіне жол ашқан Халық Конституциясы заңды күшіне енді. Мұның символ-

дық мәні бар. Шын мәнінде, осы тарихи оқиға билік пен қоғамның негізгі институттарын жаңғырту ісінің бастауы саналады», – деп ел өміріндегі елеулі оқиғаға ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы бастамасымен қабылданған жаңа Конституциялық заң Астананың саяси, әкімшілік, экономикалық және мәдени орталық ретіндегі рөлін де күшейтіп, оның мемлекет дамуындағы айрықша мән-маңызын айқындай түсті. Астана күніне арналған дәстүрлі көпшілік велошеру – саламатты өмір салтын насихаттайтын, бұқаралық спортты дамытатын және қоғамдағы бірлік пен белсенділікті нығайтатын игі бастама. Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамыту мәселесіне де ерекше мән беріп келеді. Осы ретте өңірімізде де жүйелі жұмыстар атқарылуда. Кейінгі жылдары облыста заманауи спорт нысандарының саны артып, елді мекендерде жаңа спорт алаңдары пайдалануға берілуде, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынып, тұрғындардың спортпен жүйелі айналысуына қолайлы жағдай жасалуда. Ең бастысы – жастардың спортқа қызығушылығы артып, салауатты өмір салты қоғамдық құндылыққа айналып келеді. Бүгінгі велошеру де осы игі істің жалғасы. Бұл іс-шара баршаңызды белсенді өмір салтын ұстануға, денсаулықты нығайтуға және туған өлкеміздің дамуына өз үлестеріңізді қосуға үндейді, – деді облыс әкімі.

Мерекеге арналған спорттық іс-шара велошеру бойынша жүлделі орын алған спортшыларды құттықтаумен жалғасты. «Ең жас қатысушы» аталымы сегіз жастағы Дөнеш Мирасұлына бұйырса, «Спорттық жанұя» Ирина Хронцова отбасы атанды. Ал «Спорттық ұжым» аталымын облыстық полиция департаменті иеленсе, «Қазыналы ақсақал» мәртебелі аталымы 76 жастағы Василий Ждановқа құрметпен табысталды.

«Ең жас қатысушы» аталымы бойынша марапатты иеленген Дөнеш Мирасұлының ата-анасының айтуынша, жеткіншек кішкентай кезінен ширақ қозғалып, тым белсенді екен. Бүгінде акробатика мен жүзу спорт үйірмесіне барып жүр.

– Бүгінгі велошеруге өзі ықылас танытып қатысты. Басында үлкен адамдардан сескеніп, өзінің тұстастарын іздеді. Мұндай іс-шараға алғаш қатысса да, жақсы алып шықты деп ойлаймын, – деді жеңімпаздың анасы Айзада Ешимова.

76 жастағы Василий Жданов мұндай көпшілікке арналған спорттық іс-шараларға бұрыннан қатысатынын атап өтті.

– Мен құрылыс компаниясында сантехник болып жұмыс істедім. 40 жасымда спортпен шұғылдана бастадым. Бұрын марафондарға, велошерулерге үнемі қалмай қатысатынмын. Қазір ара-тұра келіп тұрамын. Өңір тұрғындарының спортқа деген қызығушылығы артқаны бүгінгі велошерудегі адам санының көптігінен байқалады. Жүріп өткен жол бұрынғыдан да тарлау болды. Менің құрдастарым аз қозғалып, дені зиянды тағамдарды жиі тұтынады. Сондықтан сырқаттанып, дәріхана жағалап жүреді. Қазір технология дамып, бәрі қолжетімді болған сайын, қимыл-қозғалыс бәсеңдеді. Сондықтан денені шынықтырып, көңіл күйін жақсы болып, зерікпес үшін спорт адам өміріне аядай керек, – деді спортсүйер ақсақал.





• 10 шілде – Ветеринария қызметкерлері күні



Райгүл ИБАТОВА:

де аз емес ветеринария саласына деген ықыласым сол кезде оянды. Сол жылдары жұмыстас болған Тарас, Марат, Иран, Амантай ағайлар бүгінде арамызда жоқ. Ғұбашев Жасұлан ағай – қазір зейнеткер. «Райгүлдер жас қой, олардан жұмыс артылсын ба?!» деп жігерлендіріп қоятын. Біз, жастар, ағайлардың сенім артқанына мәз болып, арқаланып кететінбіз. Бір күнде мың жарым қойдан қан алып тастайтынбыз. Ал-

Бір ферманың алты-жеті нүктесінің әрқайсысында 120 ірі қара, 1500 қой-ешкіден болатын. Біз алғаш еңбекке араласқан жылдары көлік тапшы еді. Әлі есімде, малды ауылдарға жазда ат арбамен, қыста ат шанамен қатынадық. Бірде қыс мезгілінде марқұм Амантай ағаймен ат шанамен келе жатқанда, жылқы әлденеден үркіп, шананы алып қашты. Екеуміз екі жаққа ұшып кеттік. Дәрі-дәрмектер, құрал-саймандар

аурулар адам денсаулығына да қауіпті. Райгүл апай да талай рет қауіппен бетпе-бет келген. Ту сыртынан келген сиыр мүйізімен іліп алып, тік көтерген кезде әупірім-деп аман қалған. Расколға қамалған ірі қарадан қан алып жатқанда төрт саусағы қысылып, буындарын шығарып та алған. Күннің ыстық-суығында да малға ем-дом, күтім жасайды.

– Біздің жұмыс уақыт таңдамайды. Тұрғындар қай

Айдарбек Қыдырғалиев, Нұртілек Уканов, Албина Алиповамен қоян-қолтық қызмет етіп жүр.

Талай жылдан бері мал шаруашылығында тапжылмай тер төгіп келе жатқан Райгүл Ибатова – асыл жар, абзал ана, ардақты әже де. Бүгінде бірге қызмет істейтін жұбайы Елтай Хайырұлы екеуі қос қызы мен ұлының қызығына кенеліп отыр. Тұрмысқа шыққан соң да қызметтен қол үзбеген кейіпкеріміз от-

«Қиындығы да, қауіп-қатері де аз емес еді...»

Мал шаруашылығы – халықты түрлі тағам өнімдерімен, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етіп отырған негізгі бағыттардың бірі. Осындай әлеуметтік-экономикалық маңызы зор салада еңбек ететін ветеринарлардың қызметі де ерекше. Жәнібек ауданында Райгүл Ибатова қырық жылға жуық уақыттан бері мал дәрігері болып қызмет істеп келеді.

Ол – Ақоба ауылдық округінің ветеринария пунктін меңгерушісі. Қасындағы әріптестерімен бірге 49 шаруа қожалығының және ауыл тұрғындарының малына ем-дом жасайды. Яғни малдың әртүрлі қауіпті кеселге шалдықпауын, олардан алынатын өнімдерден адам денсаулығына зиян келмеуін қамтамасыз ету бағытында қызмет етіп жүр.

– Алғашқы еңбек жолым өзім туып-өскен Ақоба ауылында басталды. Мен анамның тұңғыш перзентімін, өзімнен кейін бес сіңлім бар. 1983 жылы әкем жүрегі ауырып өмірден өтті. Мен анама қолғабыс ету үшін мектеп бітірген соң бірден оқуға бара алмадым. Ауылда ветеринар дәрігерлердің қасында санитар болып жұмысқа тұрдым. Ол кезде қазіргідей емес, инелерді қайнататын еді. Ауырған малды қарау, мал дәрігерінің құрал-саймандарын дайындау сияқты жұмысқа қолғабыс қылдым. Қиындығы да, қауіп-қатері

ғаш жұмысқа тұрған жылдары мынадай қызық болды. Совхоз кезінде өлген малды акт жазып, есептен шығаратын. Базарғалиев Амантай ағай екеуміз бірінші ферманың ветеринар дәрігеріміз. Бір шопанның 96 қозысы өліп қалды деген хабар келді. Осы оқиғаның жай-жапсарын білуге барсам, шопан өлген қозыларды қақталған балық сияқты тізіп іліп қойыпты. Бұл жайтты директорға айтудың өзі қорқынышты еді. «Бәрі тышқақтан өліпті» деп акт жазғаным есімде, – деп өткенді есіне алды апай (суретте).

Жастайынан еңбекке араласқан Райгүл Сәбитқызы 1987 жылы Оралдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, ветеринар мамандығын алып шығады.

«Ол кезде совхозда мал көп.

салынған сөмкеміз бір жақта қалды. Тағы бірде «Урал» мотоциклімен фермаға бара жатқанымызда салынып жатқан жолға үйілген топыраққа соғылып, ауып қалғанымыз бар. Оқу бітіріп келген жылдары ауылда раскол деген болған жоқ. Ол уақытта тұрғындарда тек екі-үш қана мал болатын. Қан аларда малды көшедегі бағанаға байлайтын. Қазір ғой ауылдарда, әр қожалықта раскол бар», – деп қайнаған жұмыс жылдарын есіне алды Райгүл апай.

Ветеринарлар қызмет ба-рысында қауіп-қатермен де жиі бетпе-бет келеді. Жылдың қай мезгілі болса да, белгілі бір ауруға шалдыққан төрт түлікті тексеріп, ем-дом жасайды. Сібір жарасы, туберкулез, бруцеллез, қарасан секілді өзге де түрлі жұқпалы аурулармен күреседі. Ал бұл

уақытта шақырса да көмек көрсетуге тырысамыз. Ветеринария саласындағы жұмыс өңірдегі эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға да бағытталған. Сондықтан мал дәрігерлеріне жыл сайын арнайы жоспар беріледі. Соның аясында мал ауруларына қарсы екпе салу, қан алу секілді маңызды іс-шаралар жүргіземіз. Қазір ауылда ветеринарлар жеткілікті. Мал төлдерін бірдейлендіреміз, яғни бұзауларға, лақ-қошқандар мен боталарға сырға, құлындарға чип саламыз. Ауыл тұрғындарының малына ветеринарлық іс-шаралар жүргізерде алдын ала хабар береміз. Қазір ауылда мал соятын орын жоқ. Тұрғындар малды аудан орталығындағы мал соятын пунктке апарып сояды. Мал моласы ауылдан он шақырым жерде. Жаңа қызметтік көлігіміз бар. Ветеринарлық пункт салынып жатыр. Қазіргі кезде мал дәрігерлеріне алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалуда. Жас мамандар бұл саланың қыр-сырын жетік білуі үшін малдың арасында жүруі керек. Өйткені қан алу, екпе салу да мол тәжірибені қажет етеді. Кейінгі кезде тұрғындар асырап отырған малына ауруға қарсы екпе салуға мән бере бастады. Жалпы округтегі төрт түліктің саны жылдан-жылға артып келеді. Төлімен қоса есептегенде округте 8800-дей ірі қара, 7700-дей ұсақ мал, 50 шақты түйе және 4000 астам жылқы бар, – деді мал дәрігері. Бүгінде Райгүл Сәбитқызы аудандық ветеринарлық станса директоры Мирболат Теміров бастаған ұжыммен, әріптестері

басына да көңіл бөліп, мамасына (енесі) да құрмет көрсеткен.

– Менің жұбайым отбасындағы кенже ұл болғандықтан, енеммен бірге тұрдық. Енем Бірғаным өте жақсы адам болды. Жарықтық, өте сабырлы еді. Маған «Бұл – ер адамның жұмысы ғой. Қалай шаршамайсың?» дейтін. Жұмыстан келгенде «Мына сиыр маған сауғызбады. Өзің шаршап келдің, бұзауын емізіп ал» деп, қамымды ойлап отыратын. «Үйінде қариясы бардың – ырысы бар» деп бекер айтылмаған. Бұл – ұрпақ сабақтастығын, тәрбие мен салт-дәстүрді жалғастыруға үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын. Жұбайым тоғыз ағайынды. Үлкен шаңырақта тұрғасын ұл-қыздардың бәрі біздікіне жиналатын. Әсіресе балалардың жазғы демалысында үй абыр-сабыр болып, берекесі арта түсетін еді. Тұңғыш қызымыз әжесінің бауырында өсті. Балаларға бірдеңе сатып әкелсек, енемнен рұқсат сұрап беретінбіз. Жұбайым Елтай да жұмысыма түсіністікпен қарап, қолдау көрсетіп келеді, – деп ағынан жарылды Райгүл апай.

Ер-азаматтармен қатар еңбек етіп жүрген Райгүл Сәбитқызы қолы қалт еткенде түрлі торт, сан алуан дәмді тамақ пісіргенді ұнатады. Шағын кафесі де бар. Талай жылғы еңбегінің жемісін зейнетке шығып түйінде-мек. Дұрысында, жұмысына жауапты маманның қызметтен ерте қол үзбеуін сала басшылары қалап отыр. Көп тілегі қабыл болғай.

**Айна ИМАШЕВА,
Орал қаласы**



Нарынның нар тұлғасы

Биыл «Құрмет белгісі» орденінің иегері, КСРО халықтық бақылау саласының еңбек сіңірген қызметкері, Бөкей ордасы, Жәнібек, Жаңақала аудандарының құрметті азаматы, қоғам қайраткері Кәкен Көбейсіновтің туғанына 95 жыл толады.

Ол 1931 жылы жетінші қыркүйекте Бөкей ордасы ауданының Мешітқұм ауылында жарық дүниеге келді. Әкесі – Көбейсін Ежіғали, анасы – Сақыпжамал Биәлі. Кәкен Көбейсінұлы Бөкей ордасы ауданындағы қазіргі Жәңгірхан атындағы жалпы орта білім беретін мектепте оқыды. Сталинград шайқасы кезінде аудан майданның тылы болғандықтан, 12 жасынан бастап бұзау бағып, еңбекке ерте араласады. Содан кейін егіс бригадасында есепші, сүт фермасында және колхозда түрлі бағытта жұмыстар атқарды. 18 жасында колхоз төрағаларын даярлайтын үш жылдық училищені үздік бітіріп, агроном мамандығын алып шықты. Одан соң РФ-ның Саратов ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Кейін Қазақ ауыл шаруашылығы институтын және ғалым-агроном мамандығы бойынша аспирантураны бітірді. 1952-1963 жылдары Орда ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің оқытушысы, «Орда» кеңшарының бас агрономы, Жәнібек аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында түрлі лауазымды

қызметтер атқарды. Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Фурманов аудандық аумақтық ауыл шаруашылығы-өндірістік басқарма бастығының орынбасары болып қызмет етті. Ал 1963-1991 жылдары облыстық мемлекеттік-партиялық, кейін облыстық халықтық бақылау комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Адал еңбегі үшін «КСРО халықтық бақылау органдарының еңбек сіңірген қызметкері» деген құрметті атаққа ие болды. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен және грамоталармен марапатталды. Көп жыл бойы облыстық партия комитеті бюросының мүшесі, облыстық және аудандық халық депутаттары кеңестерінің депутаты, облыс әкімінің қоғамдық уәкілі болды. Кәкен Көбейсінов зейнет жасына жеткен соң, осы өңірдің барлық қасиретін басынан кешірген жерлеріне көмектесуді жалғастырды. Нақтырақ айтсақ, «Капустин Яр» әскери сынақ полигоны мен «Азғыр» атом полигонының әсерінен зардап шеккендерге қолдау көрсетті. 1992 жылдың 20 сәуірінде облыс әкімдігінің

қолдауымен «Нарын» қозғалысы» қоғамдық бірлестігін құрды. Бұл қозғалысқа мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі жазушы, «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменов те қолдау білдірді.

Кәкен Көбейсінов 1998, 2000, 2008 жылдары еліміздің сол кездегі Президенті Н. Назарбаевтың қабылдауында болды. Ол Мемлекет басшысына бірқатар мәселелер мен ұсыныстарын айтты. Соның бір нәтижесі, 2005 жылы Батыс Қазақстан облысындағы «Капустин Яр» және көршілес Атырау облысындағы «Азғыр» полигондарынан зардап шеккен азаматтарды оңалту жобасы аймақтық бағдарламалар аясында жүргізілді. Бағдарлама зардап шеккен тұрғындарды әлеуметтік қорғауды, медициналық тексеруден өткізуді және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуды қамтыды. 2009 жылдың 26 қарашасында Жаңақала ауданының орталығында 100 орынға арналған «Ауданаралық сауықтыру аурханасы» оңалту орталығы ашылды. 2013 жылдың шілдесінде К. Көбейсіновтің ықпалымен Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының денсаулық сақтау басқармалары арасында Азғыр полигонындағы ядролық жарылыстардан зардап шеккен



Атырау облысының тұрғындарын оңалту орталығында қалпына келтіру емімен қамтамасыз ету жөнінде келісімге қол қойылды. Ағамыздың ел үшін сіңірген еңбегі көп. Ядролық полигондардың зардаптарын жоюға, олардың экологиялық және әлеуметтік әсерін зерттеуге мол үлес қосқан. 2010 жылы ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бөкей ордасы ауданының Сайқын ауылын және ауданның шалғай елді мекендерін газдандыру жобасының жүргізілуіне де ұйытқы болды.

Біз соғысқа қатыспағанмен, ардагер аталарымыздың әңгімелерін естіп өстік. Бөкей ордасы қанқұйлы жаудың бетін қайтарған, кескілескен Сталинград майданына іргелес жатыр. Көпті көргендердің сөзінше, сол зұлмат жылдарда Бөкей же-

рінде де жасырын тыңшылар болған. Олар эшелондар мен Кеңес әскері жүрген аумақты хабарлап отырған. Көбейсінов Кәкен ағаның балалық шағы, соғыс қасіретімен тұспа-тұс келеді. Еңбекке ерте араласып, есейген жеткіншектердің бірі. 1943 жылы Сталинград майданында жау ұшағы құлап, ұшқыш аман қалған көрінеді. Жау ұшқышы бас сауғалап, Мешітқұм ауылына жетіп, осы аумақта жасырынып қалады екен. Ішкі істер халық комиссариттарының қызметкерлері оны қанша жерден іздегенімен, таба алмайды. Сол кезде Кәкен ағамыз жау ұшқышының жасырынған жерін байқап, оның құрықталуына көмектеседі. Осы оқиғадан кейін Кәкен аға халық арасында «Батыр бала» атанып кетеді. Қазіргі кезде Кәкен Көбейсіновтің есімі мен суреті, өмірбаяны Астана қаласындағы әскери мұражайдың «Сталинград майданының қаһармандары» тақтасында ілулі тұр. Ағамыз өмірден өтсе де, оның еңбегі мен қайраткерлігі ұрпақ жадында қала бермек. Ол – «Невада-Семей», «Нарын» деп жар салып, атом сынағынан зардап шеккен азаматтардың көмек-қолдауға ие болуына септескен бірегей тұлға.

**Қайролла САБИРОВ,
«Нарын қасіреті»
тарихи-ағарту қоғамдық
қорының төрағасы,
Бөкей ордасы ауданының
құрметті азаматы**

«Туған өлке — тұнған тарих»



Батыс Қазақстан облысында тарихи-мәдени мұраны дәріптеу бағытында жастар арасында ерекше мазмұнды іс-шара өтті.

Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында «Туған өлке – тұнған тарих» атты ғылыми-зерттеу жобалары байқауы қорытындыланды. Бұл байқаудың басты мақсаты – жас ұрпақтың туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін оятып,

тарихы мен мәдениетін терең тануға баулу. Сонымен қатар студенттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін арттырып, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу көзделді.

Байқауға облыстың түкпір-түкпірінен 20 ғылыми жұмыс қабылданды. Жұмыстарды сарапқа салған құрам – тарих және филология ғылымдарының кандидаттары мен магистранттар, до-

центтерден құралған білікті қазылар алқасы.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, байқау нәтижесінде жүлделі бірінші орынға «Сырлы сөз бен сырлы өлке» жобасымен (жетекшілері: Бексұлтан Шалабаев,

Нұргүл Дербіс) Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің студенті Гаухар Ислямқызы ие болды. Екінші орынды «Батыс Қазақстан облысының биотопонимдері» жобасын ұсынған Орал ақпараттық-технологиялар колледжінің студенті Досжан Төлеуғалиұлы (жетекшілері: Рысқаным Бақтиярова, Арна Жоламанова) мен Батыс Қазақстан индустриалды колледжінің студенті Расул Болатұлы (жетекшісі: Жұлдыз Мұхамбетқалиева, «Батыс Қазақстан

облысындағы ұмыт қалған әйелдер есімдері берілген көшелер») иеленді. Ал үшінші орын – үш студентке бұйырды. Олардың қатарында Жанна Амангелді, Радмила Рашит (Орал гуманитарлық-техникалық колледжі) – (жетекшісі: Сәуле Хасенова, «Сыбаға көшесінің өткені мен бүгіні»), Айнат Дайнова (Құрманғазы атындағы саз колледжі) – «Бесотар ауылы – туған өлкенің ұмыт қалған тарихы» жобасы (жетекшісі: Эльмира Сүлейменова), Әділхан Қайыргелді «Олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» – «Орал қаласы мен Желаев кенттік округі аумағындағы көше атауларының тарихи-ономастикалық талдауы» (жетекшісі: Лунара Демеуова) бар.

Жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталып, жетекшілеріне алғысхаттар тапсырылды.

Мұндай мазмұнды іс-шаралар жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың ізденісін, зерттеуге деген қызығушылығын дамытады. Болашақта мұндай байқаулар дәстүрлі түрде жалғасын тауып, жаңа есімдер мен тың зерттеулерге жол ашатынына сенім мол.

**Алтынбек
ЕРМЕКҚАЛИЕВ,
облыстық мәдениет,
тілдерді дамыту және
архив ісі басқармасының бас маманы**

«Қазақ терминологиясының мазмұны мен құрылымы» электронды алаңының жұмысы аясында ұйымдастырылатын терминшілер байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Байқаудың мақсаты

1.1 Терминдердің мемлекеттік тілдегі қолданысын жүйелеу, қазақ тілінде термин қалыптастырудың ұтымды механизмін іздестіру, ұлттық сипаттағы терминдердің үлесін арттыру және кәсіби терминшілер легін қалыптастыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

2.1. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті.

2.2. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2026 жылдың I тоқсанында бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде постқа таргет жіберу арқылы жарияланады.

2.3 Байқау 2026 жылғы 20 сәуір – 22 қыркүйек аралығында өтеді.

2.4. Байқау бағыты бойынша тақырыптық шектеу қойылмайды, ғылымның барлық саласы қамтылады.

2.5. Байқауға қатысуға үміткер ұсынылған формаға өтінімін енгізеді және байқауға ұсынатын материалдарын №1 қосымшада берілген үлгіге сәйкес толтырып, PDF сипатында жүктейді. Электронды формада жауабының жазылғандығына көз жеткізеді («Жауап жазылды» деген сөйлем шыққанша күтеді).

Ескерту: жазылған жауапты қайтадан өңдеуге рұқсат етілмейді, сондықтан ұсынылатын материал жан-жақты ойластырылып, соңғы редакциясы жолдануы тиіс.

2.6. Өтінім және байқауға ұсынылатын жұмыстар 2026 жылдың 31 тамызына дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешіктіріліп ұсынылған материалдар қабылданбайды.

3. Байқауға ұсынылатын

терминдерге қойылатын талаптар:

- ұсынылатын терминдер саны – 5 термин;
- бұрын бекітілмеген кірме терминдердің ұлт тіліне аударылып берілуі;
- терминдердің қолданыс ықтималдығының жоғарылығы;
- терминнің лингвистикалық нормаларға (лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық) сәйкестігі;

– терминнің қазақ халқының дүниетанымдық, мәдени болмысын танытуға уәжді қызмет етуі;

– термин дефинициясының толық берілуі, оның ғылымилығы мен дәлдігі;

– ұсынылған терминнің ықшамдылығы (сөз тіркестерімен емес, мүмкіндігінше жеке сөздерден жасалуы) мен мағыналық дәлдігі;

– терминнің саласы, суреті немесе формуласы, сұлбасы (бар болған жағдайда) қоса берілуі.

4. Байқауға қатысу тәртібі

4.1. Байқауға терминтанушылар, білім беру саласының қызметкерлері, жоғары оқу орнының оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, студенттер, тіл жанашырлары және жасы 18-ден асқан азаматтар қатыса алады.

Ескерту: бұған дейін ұйымдастырылған терминшілер байқауларының жүлдегерлерінің өтінімі қабылданбайды.

4.2. Өтінімді жібергеннен кейін байқауға қатысушы «Termincom.kz» сайтындағы «Алаң» айдарына <https://termincom.kz/alan> тіркеледі және ондағы сайт пайдаланушылары талқыға салған, баламасы табылмаған, даулы терминдер бойынша сауалдарына өзіндік сараптама жасап, ұсыныс, пікірін қалдыруға болады. Бұл жұмыс байқаудың қорытынды кезеңінде, мысалы, қатысушылардың ұпайы тең түскен немесе дау туындаған жағдайда қосымша ұпай ретінде қосылуы мүмкін.

4.3. Байқауға қатысушы үміткерлер Termincom.kz сайтында бекітілмеген, ұлттық сипаттағы терминдер ұсынады.

Ұсынылатын термин саны – 5 термин. Өтінім және байқауға материал жіберуге арналған сілтеме:

<https://forms.gle/ZYg4AA3R2AqvY9Vb7>

5. Байқау материалдарын бағалау және қорытындылау тәртібі

5.1. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін филология, сала мамандары, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділерінен (бес адам) қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасы байқауға ұсыныл-

ған жұмыстарды тексеріп, бағалайды және оны электронды кестедегі үміткердің (аты-жөні көрсетілмейді) кодтық нөмірінің тұсына енгізеді.

5.2.1. Байқау материалдары осы ереженің 3-пунктінде көрсетілген талаптардың орындалуы бойынша әрбір термин 0≤10 ұпай жүйесімен бағаланады.

5.2.2. Байқаудың қорытынды нәтижесі әр үміткердің жұмысына қазылар алқасы берген ұпай санының жиынтығымен анықталады.

5.2.3. Байқауға қабылданған құжаттар кері қайтарылмайды және түсініктеме берілмейді.

5.3. Байқаудың жүлде қоры

Бас жүлде – 250 000 (екі жүз елу мың) теңге.

I орын – 150 000 (жүз елу мың) теңге.

II орын – 100 000 (жүз мың) теңге.

III орын – екі жеңімпаздың әрқайсысына 70 000 (жетпіс мың) теңге.

Ынталандыру сыйлығы – төрт жеңімпаздың әрқайсысына 25 000 (жиырма бес мың) теңге.

5.3.1. Байқаудың марапаттау рәсімі Астана қаласында офлайн /онлайн өткізіледі.

5.3.2. Жеңімпаздардың жол, тәуліктік және қонақүйге орналасу шығыны ұйымдастырушылар тарапынан төленеді. Қажеттілікке қарай көлік қызметімен қамтамасыз етіледі.

5.4. Байқау жеңімпаздарының ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD, магистр сияқты дәрежелері (кез келген сала бойынша) болған жағдайда «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Терминология бөлімінің сараптамалық-лингвистикалық талдау, контент толтыру, мониторинг жүргізу т.б. іс-шараларына Шарт жасасу негізінде ақылы қызметке тартылады.

5.5. Қазылар алқасының шешімімен ұтымды деп танылған терминдер республикалық терминология комиссиясына ұсынылады. Комиссия терминді бекіткен жағдайда «Termincom.kz» сайтындағы «Қазақ терминологиясы мазмұны мен құрылымы» электронды алаңына орналастырылады және ауторлық термин ретінде «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының әлеуметтік желілерінде таныстырылып, насихатталады.



АБАЙ ОҚУЛАРЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Абай оқулары» облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың мақсаты – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасын насихаттау, шығармашылығын заманауи сипатта дәріптеу, шығармашылық бастамаларды қолдау және қашықтан қатысу мүмкіндігін кеңейту.

1.3. Байқаудың міндеттері:

- Абай шығармаларын кеңінен насихаттау;
- шығармашылық және креативті жұмыстарды қолдау;

– заманауи цифрлық сипаттар арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

1.4. Байқау мемлекеттік тілде және қашықтық сипатта өткізіледі.

1.5. Байқаудың ережесіне сай аталмыш сайысқа 18-35 жас аралығындағы жастар қатыса алады.

2. Байқауды ұйымдастыру

2.1. Байқаудың ұйымдастырушысы Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы.

2.2. Байқау Орал қаласында 2026 жылдың тамыз айында жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтеді, өтетін күні мен орны қосымша хабарланады.

3. Байқауды өткізу тәртібі

3.1. Байқауға қатысушылар «Абай әлемі» атты қысқа бейнеролик ұсынуы тиіс:

I. Абайдың қара сөзін немесе шығармаларынан үзіндіні жасанды интеллектіні пайдалана отырып, көркем бейнеролик ұсыну;

3.2. Байқауға қатысу үшін бейнероликтер ағымдағы жылдың 15 маусымынан бастап 25 шілдеге дейін Instagram әлеуметтік желісінде жариялануы тиіс.

3.3. Байқауға қатысушылар Instagram әлеуметтік желісінде бейнеролик орналастырылған сілтемені

sa.kaderova@bko.gov.kz электронды поштасына жолдау қажет.

Электронды поштаға жіберілгенде келесі мәліметтер көрсетілуі қажет:

- қатысушының аты-жөні;
- қала немесе аудан;
- оқу немесе жұмыс орны;
- жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны (болған жағдайда).

3.4. Instagram желісінде жариялаған профиль міндетті түрде ашық болуы тиіс.

4. Бейнероликке қойылатын талаптар

4.1. Бейнероликке мынандай талаптар қойылады:

- 1) ұзақтығы 2 минуттан 3 минутқа дейін;
- 2) контент қазақ тілінде болуы тиіс;
- 3) материал әлеуметтік желілерде ашық қолжетімді болуы қажет;
- 4) дыбысы сапалы, бейнесі анық және ауторлық мазмұнда ұсынылуы қажет.

4.2. Монтаж жасауға, музыкалық сүйемелдеуге, визуалды эффектiлер қолдануға рұқсат етіледі.

4.3. Байқауға ұсынылған материалдар әлеуметтік желілерде және ұйымдастырушылардың интернет-ресурстарында жариялануы мүмкін.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Байқау қатысушыларының жұмысын бағалау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

5.2. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалау кезінде төмендегі талаптарды ескереді:

- жарияланған бейнероликтің сапасы;
- уақытқа қойылған талаптың сақталуы;

5.3. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы диплом және бекітілген сыйлық қорымен марапатталады.

5.4. Барлық қатысушылар электронды алғысхаттармен марапатталады.



090000, Орал қаласы, Хамит Чурин көшесі, 116,

Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы.

Байланыс телефоны: 8 (7112) 50-74-66.

**Республикалық
«Жарнама –
тіл тазалығының
көрінісі»
байқауының
облыстық кезеңіне
өтінім қабылдау
басталды!**

Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдегі жарнама мәтіндерін сауатты рәсімдеуді насихаттау, тіл заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету және осы бағытта белсенділік танытып жүрген кәсіпкерлер мен азаматтарды қолдау.

Өтінім қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 20 шілдеге дейін. Байқауға кәсіпкерлік субъектілері, квазимемлекеттік сектор өкілдері, тауар өндірушілер және жарнама мәтіндерін түзету жұмыстарына үлес қосып жүрген азаматтар қатыса алады.

**Қосымша
ақпарат:**

- ☎ +7 778 188 74 29
- ☎ +7 702 952 72 70
- ☎ 8 (7112) 50-74-66



Тегін курс – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ меңгерудің тиімді жолы

Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес өңір тұрғындарына мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында тегін оқыту курстарын ұйымдастырып келеді.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»



Жылма-жыл дәстүрлі түрде өтетін осы оқыту курсын биыл «Tomi-Farm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізуде. Бүгінде оқыту курстары шаһарамызда түрлі орындарда арнайы кестеге сай өтуде. Серіктестіктің өкілі Әлима Дүйісмағанбеттің (суретте) айтуынша, мемлекеттік тілді үйренуге ниетті азаматтарды курсқа қабылдау биыл сәуір айында басталған. Мамыр айының соңындағы қорытынды бойынша 402 азамат тегін курсқа қатысуға өтініштерін берген. Бұл азаматтар түрлі салада еңбек етеді, бірі жеке кәсіпкер, бірі мемлекеттік қызметкер болса, ендігі бөлігі қазақ тілін үйренуді қалайтын қала тұрғындары екен.

– Курс қатысушыларын ортақ мақсат бір арнаға тоғыстырады. Ол – қазақ тілін үйренуге деген құштарлық, мемлекеттік тілге құрмет. Біз сабақты бірнеше деңгейге бөліп оқытамыз. Мамырда өтініш берушілердің қазақ тілін қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында емтихан ұйымдастырдық. Осының нәтижесінде А1, А2, В1, В2 санаттары бойынша барлық қатысушы 26 топқа топтастырылды. Жоғарыда аталған әр деңгейге 72 сағатты қамтитын сабақтар өтуі қажет. Яғни әр топтың білім алушылары 36 сабаққа қатысу арқылы қазақ тілінде сөйлеу, жазу және ресми іс-қағаздарын жүргізу кезінде қолданылатын ережелерді үйренеді. Мәселен, қазақ тілін үйренудің А1 деңгейіне тоқталайық. Бұл – ең төменгі деңгей. Осы топтағы азаматтар алдымен тұрмыста күнделікті қолданатын сөздердің қазақша аудармасын үйренеді. Содан соң осы сөздерден жай сөйлем құрап бастайды. «Мен ұйқыдан тұрдым», «Таңғы асқа жұмыртқа жедім», «Мен жұмысқа бардым» деген секілді жеңіл сөйлемдерді жазып, айтады. Осы құраған сөздерді екінші жақтың жіктік жалғауда қолданады. Өткен сабақта «Мен ұйқыдан тұрдым» деп құраған сөйлемін осы

ретте «сен ұйқыдан тұрдың» деп өзгертеді. Оған қоса, сөйлем мағынасына орай «Сен ұйқыдан нешеде тұрдың?» деген секілді сұрақтар құрастырып үйренеді. Сырт көзге бұл өте оңай болып көрінгенімен, шын мәнінде, қазақ тілін мүлде білмейтін азаматтарға тілді жеңіл әрі тиімді меңгеруіне мүмкіндік беретін тәсіл. Курс қатысушыларынан «Қазақ тілін не себепті үйренгіңіз келеді?» деп сұрадық. Олар қазақ тілі жұмыс жайына қажет екенін әрі көшеде, сауда орындарында, саябақтарда қазақ тілді қоғаммен еркін сөйлесіп, байланыс орнатқысы келетінін айтты. Білім алушылар оқу курсын толық аяқтағаннан кейін, меңгерген білімдері бойынша емтихан тапсырып, курс сертификатын алады. Кей сала мамандары үшін осы сертификат қызмет дәрежесінің көтерілуіне септеседі. Азаматтардың басым көпшілігі курстан өтті деген бір парақ қағаз үшін емес, тілді шынайы меңгеру мақсатында қатысуда. Егер осы дәстүрлі ісшара келер жылдары да қолдау тапса, онда мемлекет тұрғындары біртұтас тілде сөйлейтін халыққа айналады, – деді Әлима Мұратқызы.

Мамыр айында басталған сабақ қараша айында аяқталып, осы айлар аралығында 575 азаматты тегін оқыту курсынан өткізу жоспарлануда. Тамызда тағы бір топ ашылмақ. Аталмыш айда жүзеге асатын сабаққа орыс тілінде оқытатын мектептердің пән мұғалімдері қатысады. Осы жылдағы тегін оқыту курсына қабылдау толық аяқталды.



Мемлекеттік тілді меңгертін оқыту курсының жұмысымен танысу мақсатында Орал гуманитарлық-техникалық колледжіне бардық. Сабақ кестелері курс қатысушыларының бос уақытына ыңғайластырылып қойылған. Курс аптаның екі жұмыс күнінде әрі сенбі кешкі сағат алтыда басталып, бір жарым сағат бойы өтеді екен. Біз барған уақытта колледждің төрт кабинетінде төрт түрлі деңгейдегі сабақ өтіп жатыр. Курс қатысушыларына дәріс беретін Жадыра Есқалиеваның (суретте) сабағында болдық. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагог-сарапшысы курста тиімді оқыту әдістері мен оңтайлы тәсілдерді қолданады.

– Курс басталғалы бері бір ай өтті. Бір байқағаным, білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығы өте жоғары. Мен еңбек тәжірибемде куә болған ұтымды тәсілдерді қолданамын. Атап айтсақ, қазақ тіліндегі кинолар мен театр қойылымдарын тамашалау әдістері бар. Кино мен театр қойылымын көргеннен кейін дөңге-

лек үстелде мазмұнын талдаймыз. Алғашында орыс тілінде сөйлейтін азаматтарға қазақша ақпараттарды қабылдау қиынға соғатын. Оларға сабақтан тыс уақытта қазақ тіліндегі контенттерді жиі көріп отыруға кеңес бердім. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде курс қатысушылары бір-бірімен еркін сөйлесе алатын деңгейге жетті. Ендігі меже – олар құраған сөйлемдегі грамматикалық қателіктерді азайту. Тілді жеңіл үйренудің тағы бір тәсілі, азаматтардың қызығушылығына қарай тапсырма беру. Қазіргі кезде дәріс алушылар түрлі салада еңбек ететін ересек адамдар. Олар бір-бірінің жұмысы туралы әңгімелесіп, өзара диалог құрып, тілдік қорын молайтады. Басқаша айтқанда, кез келген адам мамандығына қатысты қойылған сұрақтарға бар ынтасымен жауап беруге тырысады. Қазірде пікірталас ойыны оқу ордалары мен мектептерде жиі өтеді. Біздің курста да пікірталас ойыны ұйымдастырылады. Қатысушылардың ойынға берілгені соншалық, қазақ тілінде ойын еркін жеткізіп, қалай сөйлеп кеткенін аңғармай қалады. Ойынның басты талабы – қос тарап өз ұстанымын жеткізгенде орысша сөздер қоспауы керек, – деді оқытушы.

Біз дәп келген сабақта режиссер Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбай» фильмі көрсетіліп жатыр екен.

(Жалғасы «Тіл-тұғырдың» 2-бетінде)

Тегін курс – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ



(Жалғасы. Басы
«Тіл-тұғырдың» 1-бетінде)

Бүгінде әртүрлі мекемеде, мемлекеттік құрылымда қазақ тіліне деген талап күшейген. Бұл өз кезегінде мамандардың қазақ тілі курстарына қатысуына ықпал етуде. Тіпті зейнет жасындағы азаматтар да осы тегін оқыту курсына көптеп қызығушылық білдіруде. Бұл қазақ қоғамында Ана тілге деген құрмет артып, оны көпшілік ортада қолдану үрдіске айналып келе жатқанының белгісі.



Азаматтарға мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында ұйымдастырылып келе жатқан осы оқыту курсына Әділхан Сұлтанов **(суретте)** 2017 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, бұл курс – қазақ тілін үйренуге ниетті азаматтар үшін алғашқы баспалдақ. Осы курстан кейін олар біртіндеп қазақ тілді ортаға бейімделіп, еркін пікір алмаса бастайтынын тілге тиек етті.

– Қазақ тілі – сөздік қоры мол, көркем эстетикасы кең тілдердің бірі. Қазақ тілінде етістік жұрнақтары мен жалғаулары өткен шақ, осы шақ, келер шаққа байланысты өзгеріп отырады. Ал етістік – ең негізгі қарым-қатынас жасайтын тілдік құрал. Егер етістікке жалғау-жұрнақтар дұрыс жалғанбаса, онда айтқалы отырған сөзіннің мағынасы ауытқып кетуі мүмкін. Орыс тілінде шартты мағына көбіне «если» шылауы арқылы берілсе, қазақ тілінде бұл мағына етістікке жалғанатын шартты райдың -са/-се жұрнағы арқылы жасалады. Сондай-ақ орыс тілінде мүмкіндікті немесе қабілетті білдіру үшін «могу» етістігі қолданылады. Ал қазақ тілінде бұл мағына «оқы», «бар», «кел» деген секілді негізгі етістіктерге «аламын»,

«алмаймын» көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы беріледі. Біз А2 деңгейіндегі курс қатысушыларына алғашқы сабақтарда осы қағидаларды үйреттік. Содан кейін зат есім мен етістіктің жіктелуін және олардың тәуелденулерін меңгертетін боламыз. Білім алушы осы ережелерді жетік білмесе, оны жазу және сөйлеу кезінде қолдана алмаса, оның тіл үйренуі қиынға түседі. Мен тобымдағы дәріс алушыларға сабақ басталған сәтте: «Кеше не істедіңіз?», «Ертеңге қандай жоспарыңыз бар?» деген сұрақтар қоямын. Осындай шағын әңгімелесу арқылы біз курс қатысушыларының күнделікті өмірі, олардың қызығушылықтары туралы көбірек ақпарат алып, бүгінгі көңіл күйін аңғара аламыз. Оған қоса, бұл олардың сөйлеу дағдыларын дамытуға және сабаққа белсенді қатысуына септігін тигізеді. Бір байқағаным, курс қатысушыларының қазақ тілін меңгеруге деген құлшынысы мол. Сабақтан ешбірі себепсіз қалып жүрген жоқ. Қайта қазақ тіліндегі кей сөздер жайында сұрақтарын қойып, алдыңғы сабақта үйренген сөйлемдеріне шолу жасап отырады, – деді Әділхан Тілекқабұлұлы.



Мемлекеттік тілді үйрететін бұл курс туралы ақпарат жылдан-жылға кеңінен таралып, оған қызығушылық танытушылардың қатары артып келеді. Курсқа бұған дейін қатысқан азаматтар достарына қазақ тілін меңгеру үшін осы курсқа қатысуға кеңес берген. Мәселен, курс қатысушысы Любава Питерскова **(суретте)** – спортты жанына серік еткен жан. Әрі әлеуметтік желіде де белсенді, түрлі жазбалар жариялайды. Ол осы курс ту-

ралы велоспортшы достарынан естігенін айтты. Алдағы уақытта мемлекеттік тілді толық меңгеріп, парақшам қазақ тілді оқырманға толса деп армандайды.

– Осы курстың әртүрлі деңгейінде білім алып жүрген достарым бар. Олардың тіл меңгерудегі жетістіктерін көріп, менің де ынта-ықыласым арта түсті. Жұмысым аяқталысымен бірден курсқа келемін. Мен бұл таңдауыма еш өкінбеймін. Уақытым құр босқа зая кетіп жатыр деп есептемеймін. Небары бір айдың ішінде-ақ өзгерісті анық байқай бастадым. Сөздік қорым едәуір молайды, айналымдағы адамдардың қазақша сөйлеген сөздерінен бұрын мән бермейтін жаңа сөздерді ести бастадым.

Мен үшін ең үлкен жетістіктің бірі – қазақша сөйлегенде қателесіп қаламын деген қорқыныштың жойылғаны. Бұрын ойымды жеткізуге қысылатын болсам, қазір өз білім деңгейімде еркін сөйлеп, пікірімді білдіруге тырысамын. Әрине, қазақ тілін үйренемін деген азаматтарға тіл үйренудің тиімді жолы көп. Кейбір адамдар онлайн курстарға жазылып жатады. Ал мен оқытушымен және топпен тікелей қарым-қатынас жасауды жөн көрдім. Сабақ барысында теорияға қоса, шынайы өмірде жиі қолданылатын тапсырмалар беріледі. Бұл алған білімімізді бірден қолданып, сөйлеу дағдымызды оңай қалыптастыруға таптырмас мүмкіндік.

Қазақ тілі тек жұмыс кезінде ғана қолданылмауы қажет. Біз оны күнделікті өмірдің маңызды бөлігіне айналдырғанымыз абзал. Сондықтан қазақ тілінде еркін сөйлеу, қатесіз жазуды кез келген ортада еш қиындықсыз қолданатын дәрежеге жеткізу – басты мақсатым, – деді курс қатысушысы Любава Питерскова.

Курстың тағы бір қатысушысы Рамина Арсланова **(суретте)** бір айдың ішінде сөйлеу дағдыларының айтарлықтай қалыптасқанын тілге тиек етті. Ол тілді үйренуге деген ынта-ықыласың болмаса, курсқа қатысу нәтижесіз екенін жеткізді.



– Қазақ тілінің бай тіл екенін бұрыннан жақсы білемін. Алайда тілді үйрену дәл осыншалықты жеңіл болады деп ойламадым. Бұл, ең алдымен, курс оқытушыларының кәсіби еңбегінің, сондай-ақ өзімнің қызығушылығымның нәтижесі деп білемін. Қазір өз ойымды қазақ тілінде еркін жеткізе аламын. Алғашында күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздердің мағынасын меңгеріп, кейін сол сөздерден сөйлем құрауға машықтандық. Ендігі мақсатым – қазақ тілін түсіну деңгейімді одан әрі жетілдіріп, қоғамдық орындарда айтылған сөздердің мағынасын толық түсіне білу. Мемлекетіміздің ең басты құндылықтарының бірі – тіл. Сондықтан Қазақстанда тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеруі қажет деп есептеймін. Қазір өзімнің құрбыларыма осы курс жөнінде айтып, қатысуға үгіттеп жүрмін, – дейді Рамина Арсланова.

Мемлекеттік тілді оқыту курсына орыс, неміс, татар, беларусь, украин және өзге де этнос өкілдері қатысуда. Олар әр алуан салада еңбек етсе де, барлығын біріктіретін ортақ мақсат – қазақ тілін меңгеру. Кейбір курс қатысушысы сабақтан үйренген сөздерін қоғамдық орындарда қолданып, білім нәтижесін көрсеткен екен. Осы орайда серіктестік өкілін тағы да сөзге тартып көрдік.

– Курс қатысушыларын қазақ тілін үйренуге ешкім мәжбүрлеп отырған жоқ. Олардың дені – жеке кәсіп иелері, тұрақты жұмысы бар азаматтар. Аптаның үш күнінде арнайы уақыттарын бөліп, курсымызға келеді. Аманда-су, хал-жағдай сұрасу секілді қарым-қатынас үлгілерін үйренгісі келеді. Біз олардың сөздік қорларын молайтып, сөйлем құрауға, өз ойын еркін жеткізуге машықтандырып жатырмыз. Бір қатысушымыз

курстан кейін көшеде бейтаныс адамнан қазақ тілінде сағаттың неше болғанын сұрағанын айтып берді. Осындай қарапайым қадамдардың өзі олардың мемлекеттік тілді күнделікті өмірде қолдануға деген сенімін арттырады. Қатысушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасы жоғары, олардың осындай әр жетістігі бізді де қуантады. Бұл курсқа жастар мен орта буын өкілдері ғана емес, зейнеткерлер де белсенді қатысуда. Егде жастағы азаматтар үшін қазақ тілін үйрену оңай соқпайтыны белгілі. Бірақ соған қарамастан олар сабақтарға тұрақты қатысып, берген білімді бар ынтамен меңгеріп келеді. Өңірімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығы артып келе жатқанын анық аңғаруға болады. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған осындай қолдау оларды жігерлендіріп, жаңа белестерді бағындыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтып өткенімдей, курс қатысушылары бір-бір мамандық иелері. Оларға өзі еңбек ететін салалары бойынша тапсырмалар береміз. Менің тобымда медицина қызметкері бар. Қазіргі кезде ол «Қай жеріңіз ауырып тұр?», «Қолыңыздың ауырғаны қашан басталды?», «Осы дәріні күніне екі рет ішіңіз» деген секілді қызметке қажетті сөздерді үйренуде. Азаматтар қазақ тіліне қызығушылық танытып, курсқа келді. Ал біздің мақсатымыз – олардың мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне бағыт-бағдар беріп, күнделікті өмірде емін-еркін қолдануына қолдау көрсету, – деді Әлима Мұратқызы.

Қорыта келе, мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған тегін курстар – қоғамдағы тілдік ортаны нығайтып, азаматтардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыратын маңызды бастама. Курсқа қатысушылардың түрлі этнос пен мамандық иелері болуы мемлекеттік тілдің қоғамды біріктіретін құндылық екенін айқын көрсетеді. Мемлекеттік қолдау мен осындай игі жобалардың жалғасуы елімізде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, біртұтас тілдік ортаның қалыптасуына зор үлес қосары сөзсіз.



Жәрдем БАЙМҰҚАНОВ,
Аралтөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

арасында оқу мәдениетін жандандыруға ерекше назар аударуда, – дедік біз сөзіміздің басында. Сосын өз шаруамызды айта бермей, ауыл халқының орынды талап-тілегіне, өкпе-назына құлақ түруге де пейілді екенімізді алға тарттық.

Аралтөбеліктердің ортақ ба-

екеңдігін, әлгіндей нысанды жаңадан салмаса болмайтындығын, ауылымызда спортзал жоқтығын, ұялы байланыстың нашарлығын және Аралтөбеге кіреберіс 1 шақырым жолды асфальттау да артықтық етпейтіндігін көріп кетті. Өңір басшысы осы мәселелердің біразының оңтайлы

пен мәдениет үйіне күрделі жөндеу керектігін әрі амбулатория мен спортзал салу қажеттігін екі сөзге келмей құптады. Міне, содан бері үш рет құс келіп, құс қайтты. Бірақ әзірше өзгеріс болмай тұр. Облыстың бірінші басшысының назарындағы шаруа шашетектен, әрине. Біз мұны

жақсы түсінеміз. Дегенмен де біздің ауыл-аймақтың мұң-мұқтажын облыстық газет арқылы облыс басшысының назарына және бір ұсынбақ ниеттеміз.

Тағы бір айтпағым, бүгіндері әбден тозығы жеткен электр сымдары жаңалануда. Алайда «Естіген құлақта жазық жоқ» дегендей, естуімізше ескі-құсқы алты трансформатордың бірде-біреуі жаңартылмайды деседі. Демек, біз

«Бес-алты уәденің ең болмаса екі-үшеуі орындалса екен...»

Осыдан үш апта бұрын Сырым ауданының Аралтөбе ауылдық округіне іссапармен барып, жергілікті жұртпен жүздесіп қайттық. Бұл жиынға Сырым аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Тимур Құбаев пен Аралтөбе ауылдық округінің әкімі Ержан Жонысов ұйытқы болды. Аралтөбелік ағайынмен емінеркін әңгіме-дүкен барысында біз ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығына мерзімді баспасөз өнімдеріне жазылу жүріп жатқандығын тілге тиек еттік. Биылғы 16 мамырда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы шыққандығын да айтып өттік.

зынасын осы ауыл-аймақтағы ардагерлер ұйымының төрағасы Жәрдем Баймұқанов жеткізді.

– Баяғыдан бауыр басқан басылымымыз «Орал өңірі» газетінен іргемізді аулақ салмақ ойымыз жоқ. Әрине, жазыламыз, жазылып та жүрміз. Президентіміздің кітап оқу мәдениетін жандандыруға шақыруын да құптаймыз. Өйткені оқыған адамның көзі



ашық, көкірегі ояу, санасы сергек. Ондай кісі жөн сөзге тоқтайды, айналасындағы үлкен-кішіні жақсыдан үйренуге, жамандықтан жиренуге үндейді. Ал енді облыстық газеттің басшысының өзі ауылымызға келіп, көзімізге көрініп, қолымызға түсіп қалған екен, біз де айтарымызды айтып қалайық.

Жаңылмасам, 2023 жылдың күзі болса керек. Облысымыздың қазіргі әкімі Нариман Төреғалиев осы біздің ауылға, Аралтөбеге келіп алқалы жиын өткізді. Ол кісі жалғыз-жарым келген жоқ, облыстық басқармалардың басшыларын түгел ертіп келді. Сол жолы өңір басшысы біздің ауылдық округтің орталығындағы мектеп пен мәдениет үйіне күрделі жөндеу керектігін, амбулаторияның ғимараты апатты жағдайда

шешілуіне оң қабақ танытатындай рай байқатты. Облыстың бірінші басшысының ыңғайын байқағасын барша басқарма басшылары мектеп

жарықтың жиі өшуінен әлі біржола құтыла алмаймыз-ау. Айтпақшы, аудан-ауылымыздағы атқамінер азаматтардың айтуынша, спортзал мен жаңағы кіреберіс бір шақырымдық жолдың жобалық-сметалық құжаттары дайын көрінеді. Ең болмаса осыдан үш жыл бұрын айтылған бес-алты уәденің екі-үшеуі орындалса да, ауылымыздың біраз ажары кіріп қалар еді, – деп үкілі үмітпен сөзін түйінде-Жәрдем ақсақал...

Айтпақшы,
аудан-ауылымыз-
дағы атқамінер азамат-
тардың айтуынша, спорт-
зал мен жаңағы кіреберіс
бір шақырымдық жолдың
жобалық-сметалық құ-
жаттары дайын көрі-
неді.

ФАЙЗОЛЛАНЫҢ
Бауыржаны,
«Орал өңірі»,
Сырым ауданы



– Біз, бәріміз – үлкеніміз-кішіміз, даладағы-қаладағымыз түгелдей, тегістей дені дұрыс, әділетті, парасатты қоғамда өмір сүргіміз келеді. Парасатты қоғамды парасатты халық қалыптастырады. Ал парасатты халықты қалай қалыптастырамыз? Парасатты халықты көркем әдебиет пен арзан сенсация қумай, ақиқат ақпарат тарататын, аламанға дем беріп, алқа топты меңгеріп, қандай көкейкесті тақырыпты қаузаса да сауатты сараптап, салиқалы қоғамдық пікір қалыптастырып, қалың бұқараға дұрыс бағыт-бағдар көрсететін газет-журнал қалыптастырады. Сондықтан да Мемлекет басшысы ел ішінде, халық

Күй анасына -

165
жыл

Күй анасының

Жақында Қазақстанның халық әртісі, күй анасы Дина Нұрпейісованың туғанына 165 жыл толуына орай өңірімізде кең көлемде мәдени-сазды іс-шаралар өтті.

Мерейтой қарсаңында алдымен шаһардағы Назарбаев даңғылы бойында орналасқан даңқты күйшілер Құрманғазы мен Дина ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылды. Тұлға рухына тағзым етілген осы іс-шараға облыстағы түрлі басқарма мен мәдени ошақтардың басшылары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар мен музыка майталмандары болды. Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Қуанышбек

Мұханғалиев ескерткіш алдында сөз сөйлеп, халқымыздың күй шежіресін бүгінгіге мирас етіп қалдырған қос алып тұлға жөнінде пікірін айтты.

– Ақ Жайық өңірінде жыл басынан бері бірқатар тарихи тұлғалардың мерейтойлары аталып өтілуде. Бөкей хандығының құрылғанына 225, Мұхит Мерәліұлының 185 жылдығымен басталған ауқымды атаулы даталар бүгінде Дина Нұрпейісованың 165 жылдығымен жалғасын табуда. Күйшінің шығармаларын арқау еткен республикалық, облыстық күйшілер байқауы жыл сайын дәстүрлі ұйымдастырылып келеді. Сонымен қоса, Орал қаласында және тұлғаның туған топырағы Жаңақала ауданында тағылымды іс-шаралар өтпек. Осынау іс-шаралардың төрінен Дина Нұрпейісованың жиені Бағила әжені көріп отырғанымызға бек қуаныштымыз. Асылдың сынығы, бізге әркез ақылшы болып, ақ батасын арнап жүретін ақжаулықты анамызға амандық тілейміз! – деді Қуанышбек Жанболатұлы.

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Күйшілер одағының мүшесі, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Айтжан Тоқтаған күй анасының



қазақтың домбыра өнерінде ерекше із қалдырғанын айтты. Оның сөзінше, Дина Нұрпейісованың күй тарту кезіндегі суырыпсалмалық қабілеті – бұған дейінгі өнер өкілдерінде кездеспейтін ерекше қасиет. Ескерткішке гүл шоғын қою мәртебесі өңірге арнайы келген меймандарға ұсынылды. Нақтырақ айтсақ, Айтжан Тоқтаған мен ҚР Халық күйшісі, «Құрмет» орденінің иегері Ермек Қазиев, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымының кандидаты, ақын Маржан Ершу мен Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, зерттеуші, Жаңақала ауданының Д. Нұрпейісова атындағы ЖОББМ директоры Гүлбар Шуақбаева қос тұлғаның ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Күй анасының 165 жылдық мерейтойы қаламыздағы Достық үйінде «Күй-мұра» республикалық конференциясына ұласты. Бұл алқалы жиынға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығын халық арасында кеңінен насихаттап, оның рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу басты борышымыз екенін тілге тиек етті. Өңір басшысы сөзінде ел Президенті бастамашы болып, кейін барша қазақ жұрты қолдаған жаңа Конституцияның күшіне енуімен құттықтады.

Бұл – еліміз үшін айрықша тарихи оқиға. Осы айтулы сәтте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымызға арнайы үндеу жария-

лап, тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихи дәуірі басталғанын атап өткен болатын. Президентіміз Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде домбыраның ұлттық мәдениетті сақтаудағы мәніне ерекше тоқталды. Шілде айының бірінші жексенбісі ұлттық дом-


манғазы Сағырбайұлы қалыптастырған күйшілік мектептің тағылымын жалғап, өзінің қайталанбас орындаушылық шеберлігімен және төл туындыларымен ұлттық мәдениетіміздің мерейін асырды, – деді облыс әкімі құттықтауында.

Бұл іс-шарада Ақ Жайық



быра күні! Қастерлі мейраммен ұштасып келген бүгінгі Дина әжеміздің мерейтойы республикалық деңгейде тойлануда. Домбыраның қос ішегінде халқымыздың бүкіл тарихы мен тағдыры, қуанышы мен қайғысы, рухы мен болмысы жатыр. Ұлттық домбыра күні қарсаңында Ақ Жайық өлкесінде өткізіліп жатқан алқалы жиынның орны ерекше. Себебі бұл басқосу қазақтың дәстүрлі күй өнерінің арқауын үзбей, оны жаңа белеске көтерген бірегей тұлға, күй анасы Дина Нұрпейісованың 165 жылдық мерейтойына арналып отыр. Дина анамыз ұлы күйші Құр-

өңіріне арнайы келген меймандар баяндама жасады. Философия ғылымдарының докторы, ғалым, зерттеуші, Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы Айттолқын Тоқтаған Дина Нұрпейісованың өмірін, шығармашылық және рухани мұрасын алғаш болып академик Ахмет Жұбанов зерттегенін сөзіне өзек етті. Ал музыкатанушы Ғафура Бисенова Дина әжемізбен көзі тірісінде сұхбаттасып, оның орындаушылық ерекшеліктері, қағыс жүйесі мен күйшілік мектебі туралы құнды дерек қалдырған. Кейінгі зерттеулерде Сәуле Өтеғалиева, Пердбек Шеге-





Мұрасы – ұлтқа ортақ құндылық

баев сынды музыкатанушылар күйшінің стильдік орындаушылық және музыкалық ерекшеліктерін талдаса, Ақселеу Сейдімбек, Сәуірбек Бақбергенов, Жүмекен Нәжімеденов, Латифулла Қапашов секілді әдебиеттанушылар, жазушы-журналистер тұлға мұрасының тарихи-мәдени маңыздылығын зерттеген.

Дина Нұрпейісованың мұрасын жинақтап, нотаға түсіру және орындаушылық өнерін тәжірибеге енгізуде күйші, профессор Қаршыға Ахмедияровтың еңбегі зор. Оның құрастыруымен 1991 жылы Дина әжеміздің «Әсем қоңыр» деп аталатын күй жинағы жарық көрді. Осының нәтижесінде күйшінің туындылары ғылыми айналымға, оқу бағдарламалары мен концерттік репертуарларға кеңінен енді. Бүгінде жаңа архив және ауызша деректердің жариялануы Дина өнеріне тың тұжырым жасауға мүмкіндік беруде. Күйшінің өмірі мен өнері бірнеше тарихи дәуірді қамтығандықтан оның шығармашылық жолын немересі Балжан Жорабайқызының ұсынуымен шартты түрде Нарын, Астрахан және Алматы кезеңдерімен бөліп қарастыруға болады. Бұл күйші өнерінің әртүрлі тарихи ортада қалыптасып, жалғасуы мен даму сатыларын көрсетеді. Дина әжеміздің өмірі мен өнері қазақ халқының күрделі кезеңдерімен тұспа-тұс келді. Нақтырақ айтсақ, патшалық Ресейдің соңғы жылдары, 1916 жылы болған ұлт-азаттық көтеріліс, ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін және екінші дүниежүзілік соғыс оның тағдыры мен өнеріне ықпал етті. Кеңестік кезеңде дәстүрлі мәдениет өкілдерінің өнер жолы белгілі бір идеологиялық талаптарға сай жүргізілді. Дина Кеңес билігі орнағанға дейін елге танылған күйші болды. Оның жастайынан күйтартыстарға қатысуы өнердегі батыл мінезі мен кәсіби деңгейін дәлелдейді. Тарихи деректерде, Құрманғазы Сағырбайұлы Дина ұзатылар шақта оның қайын жұртына күйшілік өнеріне кедергі жасамауына, бойындағы талантын тұншықтырмауды айтты, – деді ғалым А. Тоқтаған.

Ақын Маржан Ершу 25 жасында түсінде Дина Нұр-

пейісованы көргенін жеткізді. Айтуынша, оның осы түсі «Дина» атты көлемді поэма және мистикалық музыкалық драма жазуға себепші болған. Естеріңізде болса, былтыр Х. Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында ақының «Дина» драмасы сахналанып, көптің ықыласына ие болды.

– Түсімде Дина әже ұзын бойлы, қара сұр өңді, басында ақжаулығы бар, дауысы өктем әрі бұйырып сөйледі. Ол «Мен Дина Нұрпейісовамін. Маған Маржан Ершу қажет. Сен неге мені іздемейсің? Менің үйім сегізінші март көшесінде» деп айтты. Мен сол сәтте шошып ояндым. Бұл оқиға тамыз айының орта тұсында болған еді. Осы күн-



нен кейін келер сегізінші наурызда не болар екен деп алаңдаумен өттім. Біреуге сыр айтайын десем, бұл ақын қиялиланып барады деген сөзге қалам ба деп қысылдым. Арада біраз жыл өткен соң, шығармашылығымда сілкініс болды. 2007 жылы Дина әжеміз туралы поэма жаздым. Сол жылы ақын Фарида Оңғарсыновамен Астанада жолығып қалдық. Ол менің күйші жөнінде поэма жазғанымды естіп, таңғалған екен. Себебі жас ақынның көбісі махаббатты жырлап жүрген тұс. Ақын апама көрген түсімді айтқанымда, ол: «Әруақты кісі ғой, сені желеп-жебеп жүргені шығар. Ештеңеден қорықпа! Өлеңге жасандылық қоспа» деп еді. Содан кейін «Дина» деп аталатын қазақ және түрік тілдеріндегі кітап шығардым. Оның ішінде тұлға туралы

көптеген дерек бар, – деді ақын.

Белгілі домбырашы-ұстаз, күйші және ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Күйшілер одағының БҚО филиалының төрағасы Асқар Кенжеғалиев адам күйді екі тәсілмен меңгеретінін баяндады. Оның бірі нота арқылы болса, ал екіншісі – құймақұлақтық дәстүр.

– Күйді тек нота арқылы үйрену оның бастапқы сипатының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Орындаушы шығарманы техникалық жағынан меңгергенімен, дәстүрлі мақамы мен орындаушылық шеберлік деңгейін төмендетуі ықтимал. Дина күйлерін орындаған кезде бұл мәселелер өте өзекті. Себебі оның

шығармаларында Батыс Қазақстандағы күй мектебіне тән орындаушылық шеберлік бар. Қазіргі кезде күй үйрету барысында тыңдау әдісін қайта жандандыру маңызды. Болашақ домбырашылар алдымен Дина күйін тыңдап, содан кейін шығарма нотасын үйренгені абзал, – деді кәсіби домбырашы.

Жаңақала ауданындағы Д. Нұрпейісова атындағы мектептің директоры, зерттеуші, ұстаз Гүлбар Шуақбаева Дина Нұрпейісованың өмірін және шығармашылығын оқу бағдарламасына енгізу туралы ұсынысын айтты. Сондай-ақ күй анасы 1938 жылы өлең сөздің дүлдүлі Жамбыл Жабаевпен жүздесіп, күй тартысқа, сөз тартысқа түскен. Қос алыптың кездесуіне жазушы Мұхтар Әуезов пен шәкірттері куә болған көрінеді.

Өкініштісі, Жамбыл мен Динаның жолыққан осы тарихи сәт ешқандай баспа бетіне жарияланбаған. Гүлбар Тұрланқызы осындай тың мәліметтерді ілгеріде жасаған экспедициялық сапарда Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Жамбыл музейінен естігенін жеткізді.

– Алматыдағы Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Дина әжеміздің домбырасы сақтаулы. Бұрындары домбыраны ұсақ малдың ішегінен жасалатынын естіген шығармыз. Ал Дина Нұрпейісова тартқан домбыра ішегі ащы жусанға жайылған ешкі ішегінен жасалған екен. Осы орайда, Алматыдағы аспаптар музейіндегі күй анасының домбырасына мен айтқан әдіс арқылы ішек дайындап, тарихи аспапқа қайта жан бітіргіміз келеді. Бұл ұсынысты алғашында Дина Нұрпейісованың жиені Бағила әжеміз айтып, маған аманат етіп қалдырған. Қазірде ешкі ішегінен жасалған домбыра ішегі дайын. Ішек кептіріліп, есіліп, ұршықтан өткізіліп тұр. Егер келісім берілсе, оны тарихи домбыраға тағып, бұрап, қайта қалпына келтірсе дейміз, – деді мектеп директоры Гүлбар Шуақбаева.

Іс-шарада облыс әкімі Дина Нұрпейісованың жиені Бағила Қоңырқызына амандық тілеп, иығына камзол жауып, ақжаулық сыйлады. Мазмұнды баяндама жасаған қонақтарға да гүл шоқтарын ұсынды. Іс-шарада Айтолқын Тоқтағанның «Дина Нұрпейісова күйлерінің рухани әлемі» кітабының лентасы қиылды. Жаңақала ауданының әкімі Алпамыс Көшкінбаев Жайық жұртшылығы атынан Айтолқын Айтжанқызына алғысхат пен естелік сыйлық табыстады. Іс-шара мерекелік кешке ұласып, Дина Нұрпейісованың күйлері орындалды. Күй күмбірлеген кештің шымылдығы жабылар тұста Бағила әже Дина анамыздың мерейтойы жоғары деңгейде өткенін айтып, ақ батасын берді.

* * *

Өнер мерекесі Жаңақала ауданына қарасты Көпжасар ауылындағы Дина Нұрпейісова атындағы мектепте жалғасты. Іс-шара аясында меймандар мектептегі Дина Нұр-

пейісова мұражайын аралап, ондағы тарихи жәдігерлермен танысты. Одан кейін «Әсем қоңыр» республикалық күйшілер байқауы басталды. Еліміздің әр өңірінен келген үміткерлер екі кезеңнен тұратын дүбірлі додада бақ сынады. Байқауға Астана мен Алматы қалаларынан арнайы келген өнер майталмандары қазылық етті. І кезеңде қатысушылар Динаның «Бұлбұл», «Меңдіқара», «Жігер» сынды күрделі шығармаларын және қазылар алқасы бекіткен 12 күйдің бірін орындады. Ал ІІ кезеңде үміткерлер өздері таңдаған Дина Нұрпейісованың міндетті үш күйін және алдын ала берілген Құрманғазы Сағырбайұлы, Мәмен Ерғалиұлы, Оқап Қабигожин туындыларының бірін қазылар алқасының сұрауы бойынша жоғары шеберлікпен нақышына келтіре орындады.

Күй құдіретін жете түсініп, жүлделі ІІІ орынды (150 мың теңге) Сырым Шонбаев (Жамбыл облысы), Айша Жанайдарқызы (Орал) және Наргиза Қасымова (Орал) өзара бөлісті. Ал ІІ орынның (200 мың теңге) биігінен көрінгендер қатарында Райымбек Тарихов (Орал), Дана Дидар (Астана) және Қымбат Ғабдулина (Астана) болды. Дүбірлі додада І дәрежелі диплом мен 300 мың теңгенің ақшалай сертификатын қанжығасына байлаған қос мықты – Қызылорда облысынан келген Бекнұр Әбдижәли мен Алматы қаласының намысын қорғаған Жұлдызай Кенгесбаева көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Өнер бәйгесінің бас жүлдесін Орал қаласының тумасы, дүлдүл домбырашы Әділет Жолдығали жеңіп алып, 500 мың теңгелік сыйақыны иеленді.

Күй байқауында Айтжан Тоқтаған бастаған қазылар алқасына да құрмет көрсетілді. Астана мен Алматы қалаларынан келген өнер майталмандарына аудан әкімінің арнайы алғысхаты табысталды. Осылайша ұлы өнерді ұлықтаған тағы бір кеш тарих қойнауына енді.

**Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»
Әйгерім ТӨЛЕПОВА,
Жаңақала ауданы**

АҚСАҚАЛДЫҢ АРЫЗЫ

аудан әкіміне жолданды

Жуырда Бөкей ордасы ауданындағы Бисен ауылының тұрғыны Абылғазы Шынғалиев есімді ақсақалдан хат келді. Онда аталмыш ауылдың көшелеріндегі күл-қоқысқа, тазалығына қатысты арыз-шағым айтқан. Хат мәтінін ұсынып отырмыз.

«Бисен ауылының тазалығы сын көтермейді. Осыдан екі жыл бұрын «Жас Алаш» газетінде (29.08.2024 жылғы №66 санында) «Көшесі қоқысқа батқан, кітабы қанас-та жатқан ауыл» деген тақырыпта материал жарияланған болатын. Өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен ауылдық кітапханаға мәдениет үйінің ішінен кең бөлме беріліп, ол заманауи жабдықталды. Ал ауылдың көшесі сол бұрынғы қоқысқа толы қалпында жатыр. Тұрғындар да тазалық мәселесіне енжар, немқұрайлы қарайды. Көпшілігінде қоқыс шығаратын техникалары жоқ. Осының бәрін көріп, біліп отырса да ауыл әкімі тарапынан көмек жоқ.

Ауылды жарықтандыру мәселесін айтпағанның өзінде абаттандыру сын көтермейді. Ауылдың ішінде құлаған, құлайын деп тұрған үйлер мен сарайларды, ескі мал қораларды сүріп, полигонға шығарып тастау қолға алынбай отыр. Әкімдік тарапынан «Заң мен тәртіп» қағидалары басшылыққа алынбауда. Тазалық мәселесін жолға қою, тұрғындардың бұл бағыттағы белсенділігін арттыру үшін аудандық санитарлық-эпидемиологиялық стансаның мамандарын шақыртып, шараларды қолға алу керек.

ОБЛЫС ӘКІМІНЕН СҰРАЙТЫНЫМ:

- Тазалық мәселесіне байланысты (құрамында журналистер болғаны абзал) аудандық деңгейде комиссия құруға ықпал етсеңіз. Олар жағдайды өз көздерімен көріп, танысса деймін.

- Ауыл тазалығы бойынша жергілікті бюджеттің есебінен тендер жариялап, мердігер мекемені іске қосу керек. Қоқыс тасымалдаудағы шығынды тұрғындар мен әкімдік бірлесіп өтеген жөн.

- Тазалыққа немқұрайлы қарайтындарға заң шеңберінде шара қолдану керек.

Бұл хатымды «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» қағидасына сүйеніп жазып отырмын».

Хат иесі А. ШЫНҒАЛИЕВ

Аталмыш хат бойынша Бисен ауылдық округінің әкімі Армат Меңдешевке (суретте) хабарласып, мән-жайды анықтадық. Армат Ермеқұлының ауыл әкімі қызметіне кіріскеніне ай жарымдай уақыт болған. Осы уақыт аралығында ауыл ішінен 20 «КамАЗ» қоқыс шығарылған. Әкімшілік қарауында жеңіл көлікке лайықталған екі тіркеме (прицеп) бар екен. Соларды пайдаланып және тракторы бар ауыл азаматтары көмекке келіп, қоқыс қалдықтарын шығарылуда. Ауыл тұрғындары арасынан тұрмыстық қатты қалдықтарды, көлемді күл-қоқысты шығаруға ешкім өтініш айтып келмеген. Өтініштерін жеткізсе, қолдау болатынын айтады ауыл әкімі. Ал жартылай бұзылған, түртіп қалсаң, құлағалы тұрған үйлерді бұзып, орнын тазалау бойынша иелеріне ескерту беріліп, жазбаша хабарлама жолданған. Аталмыш ауылдық округтің су жаңа әкімі А. Меңдешев ауыл-аймақтың тазалығы өзінің үнемі назарында болатындығын тілге тиек етті.



Редакция алқасы

Ақсақалдың хаты Бөкей ордасы ауданының әкімі Нұрлыбек Дауымовқа жолданды.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

ЖАЙҚО PRESS

090000 Орал қ., Мұхит көш. 57/1, ЖСН 060340005339, КЗ19998РТВ0000860450. АҚ «First Heartland Jusan Bank»
тел.: 50-30-14, факс 51-51-09

Шығыс № 208
«21» 06 2026 ж.

Бөкей ордасы ауданының әкімі
Н. Дауымовқа

Редакцияға Бөкей ордасы ауданына қарасты Бисен ауылының тұрғыны А. Шынғалиев деген азаматтан биылғы 17 маусым күні хат келді. Ол өз хатында аталмыш ауылдың тазалығы сын көтермейтіндігі, көшелер күл-қоқысқа толы екендігі, Бисенде құлағалы тұрған үйлер мен шоландар, қоракопсы аз еместігін баяндаған. Бұған қоса үшбу хатта Бисенде үй-жайының айналасы мен көше тазалығына кейбір тұрғындарға қоса, ауыл әкімі де жеткілікті көңіл бөлмейтіндігі жазылған. Осы жайттарды аудан әкімі ретінде сіздің назарыңызға ұсына отырып, Бисен ауылдық округінің әкіміне елді мекендер тазалығына қатысты нақты істер тындыруға сізді ықпал етеді деп сенемін.

«Орал өңірі» газетінің бас редакторы:

Б. Ғұбайдуллин

«Көшесі қоқысқа батқан ауыл»

Бұл, Бөкей Орда ауданы, «Бисен» ауылы. Ауылдың тазалығы сын көтермейді. Осыдан екі жыл бұрын «Жас Алаш» газетінде 2024 жылғы 29 тамыз №66 санында «Көшесі қоқысқа батқан, кітабы қанас-та жатқан ауыл» деген тақырыпта материал жарияланған болатын. Өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен, Кітапханаға мәдениет үйінің ішінен кең бөлме беріліп, орнаестырылды, заманауи жабдықталды. Ал, ауылдың көшесі сол бұрынғы қоқысқа толы қалпында жатыр. Тұрғындарда тазалық мәселесіне «енжар», немқұрайлы қарайды, көпшілігінде «қоқыс шығаратын техника-лары жоқ». Осының бәрін көріп, біліп отырса да ауыл әкімі тарапынан көмек жоқ.

Ауылды «жарықтандыруды» айтпағанның өзінде, ауылды «абаттандыруда» сын көтермейді, ауылдың ішінде «құлаған», «құлайын» деп тұрған үйлер мен сарайлар, «ескі мал қораларды» сүріп, полигонға шығарып тастау қолға алынбай отыр. Әкімдік тарапынан «Заң мен тәртіп» қағидалары басшылыққа алынбауда. Тазалық мәселесін жолға қою үшін, тұрғындардың «белсенділігін» арттыру үшін аудандық «санитарлық-эпидемиологиялық стансаның» мамандарын шақыртып, шараларды қолға алу керек.

Облыс әкімінен сұрайтыным:

1. Тазалық мәселесіне байланысты, аудандық деңгейде «Комиссия» құрып, құрамында газеттің тілшілері - журналистерді кірістіріп, көзбе-көз тексеру жүргізу,
2. «Жергілікті бюджеттің есебінен» «тендер» жариялап, «мердігер компания»-ны іске қосу, (тасымал «шығымын» тұрғындармен бірге өтеу керек),
3. Тазалыққа «немқұрайлы» қарайтындарға Заң шеңберінде шара қолдану керек.
4. «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» қағидасына сүйеніп жазып отырмын.

А. Шынғалиев
Бисен ауылы 2-маусым 2026 жыл



АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАСЫ

Сілтеме
арқылы өтуМәліметтерді
қалдыруМенеджердің
қоңырау
шалуы

Салым

Байланыстар
тоқтатылады

Жасанды интеллект арқылы алдауға көшті

Жуырда облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыруымен А. Островский атындағы облыстық драма театрда «АФМ Online 2026: қаржылық қауіпсіздік тренингі» атты аймақтық форум өтті. Іс-шараға қала тұрғындары, ардагерлер мен бюджеттік сала қызметкерлері қатысты.

Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА,
«Орал өңірі»



Форумның мақсаты – қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, цифрлық иммунитетті арттыру және экономикалық құқық-бұзушылықтардың алдын алу.

Бүгінгі таңда технологиялардың дамуымен қатар қаржылық алаяқтықтың да жаңа түрлері пайда болуда. Сондықтан әрбір азаматтың қаржылық және цифрлық сауаттылығы – заман талабы. Бұл туралы форумда сарапшылар мен мемлекеттік құрылым өкілдері өзекті ақпараттарды қатысушыларға кеңінен түсіндірді.

Тренингтің алғашқы тақырыбы заманауи технологиялардың көлеңкелі тұстарына арналды. Облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аға тергеушісі Лаура Оразғалиева (**суретте**) жасанды интеллект көмегімен

жасалатын «дипфейк» ұғымы, оның қоғамға төндіретін жаңа қауіптері және алаяқтықтың осы түрінен сақтану жолдары туралы баяндады.

– Бүгінгі таңда дипфейктер – азаматтық қоғам үшін ең маңызды қауіптердің бірі. Интернеттегі дипфейктердің саны 2023 жылдан бастап 500 мыңнан 8 миллионға дейін өсті. Бұл – жай ғана сандар емес, бұл «құлағыңызға және көзіңізге сену» барған сайын қауіпті болатын жаңа шындық.

Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, дипфейктермен байланысты алаяқтықтың салдарынан 2024 жылы адамдар шамамен 330 миллион АҚШ долларын жоғалтты, ал 2025 жылы 1 миллиард доллардан асты. Deloitte (Делойт) компаниясы 2027 жылға қарай жасанды интеллект арқылы алаяқтық шығындар 40 миллиард долларға жетеді деп болжайды. Қазақстанда Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы интернет-алаяқтық бойынша, оның ішінде дипфейктермен байланысты 20 мыңға жуық қылмыстық іс қозғалған, ал осы қылмыстардан келтірілген залал 16 млрд теңгеден астам сомаға жетті, – деді аға тергеуші Лаура Нұрланқызы.

Форум аясында қатысушыларға қаржылық қауіпсіздікке қатысты бейнероликтер көрсетіліп, алаяқтардың айла-тәсілдерін тану, жеке деректерді қорғау және күмәнді әрекеттерден сақтану жөнінде практикалық кеңестер берілді.

Іс-шара қорытындысында әрбір кеңес пен ұсыныс қатысушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, цифрлық қауіпсіздігін нығайтуға және алаяқтықтың жаңа түрлерінен қорғануға бағытталған маңызды ақпарат болды.

хамбет ауылы, Құнанбаев көшесі, 33, («Махамбет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты), 18.08.2026 жыл. сағат 11:00.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Махамбет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. БСН 050 240 007 260, Тел.: 8(705) 6385231.

Әзірлеуші: «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС. БСН 080140004515, БҚО, Орал қ., Астана шағынауданы, 42-үй, 5, тел.: 8(705)7909101

Жобалық құжаттама пакетімен [www://ndbecology.gov.kz/](http://ndbecology.gov.kz/), Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ БҚО





Еске алу

Бөкей ордасы ауданындағы Сайқын ауылының тумасы, бірімізге сүйікті ұл, ардақты жар, абзал әке, қимас бауыр **Мәлік Мыңжас Мұрадымұлы** арамызда аман болса, орда бұзар отызға толар еді-ау.

Қайран жаным, қысқа болды ғұмырың,
Ерте кеттің, бекімеді-ау тұғырың.
Жарығым-ау, торқа болсын топырағың,
Қайғының орнын немен толтырамын?!

Сағына еске алушылар: анасы Күмісқаным, зайыбы Дариға, ұлы Тұрсынбек және қарындасы мен күйеу баласы Айерке-Әлішер, бауыры Сұлтан, жиені Зере

Полицейлер апаттан қаза тапты



Өткен жұма күні қызметтік міндеттерін атқару барысында болған жол-көлік оқиғасы салдарынан Тасқала аудандық полиция бөлімінің екі қызметкері қаза тапты.

Аталған жол-көлік оқиғасы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Қазіргі уақытта оқиғаның барлық мән-жайын жан-жақты, толық әрі нақты анықтауға бағытталған қажетті тергеу және жедел-ізвестіру іс-шаралары жүргізілуде. Тергеу нәтижелері бойынша заңнамаға сәйкес тиісті процессуалдық шешім қабылданатын болады.

Батыс Қазақстан облысы полиция департаменті және ішкі істер құрылымдарының жеке құрамы полиция майоры Абзал Үмбетқалиев пен полицияның аға сержанты Нұрғали Әдиетовтің отбасына және туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Е. Саденов қаза тапқан қызметкерлердің отбасыларына көңіл айтып, қажетті әлеуметтік және өзге де жан-жақты қолдау көрсетілетінін мәлімдеді.

Өз тілшіміз

«Махамбет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ 2026-2035 жылдарға арналған «Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылы, «Махамбет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер ету: БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылдық округі, Махамбет ауылы.

Географиялық координаттары: 51° 24' 26.66" СЕ, 51° 16' 49.46" ШБ.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:

БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылдық округі, Ма-

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың

қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың

орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау

тел./факс: 51-51-09.

Эл. пошта:

zhaikpress-reklama@mail.ru

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына

жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған

хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым

авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін

қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған мате-

риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар

электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып

есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының

компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.

Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545.

Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 7889

4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**

А. ШОҢЫРАЕВА

Кезекші редактор: **П. САРИЕВА**

Газет ҚР Аппарат және
Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде 2023 жылғы
19 мамырда тіркеліп,
№КЗ49VРУ00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz



Құттықтаймыз!

Құрметті Болат ҚОСЖАНҰЛЫ!

**Желмаядай желіп жеткен
70 жасыңыз құтты болсын!**



70

Сіздей 40 жыл бойы аудандық газетте тапылжымай еңбек еткен қаламгер сирек шығар. Өткен ғасырдың 1979 жылы Ақжайық (бұрынғы Чапаев) ауданының «Еңбек» - «Труд», кейін «Жайық таңы» газетінде журналистік жолыңызды қатардағы тілшіден бастапсыз. Одан соң сол газеттің редакторы болып, абыройлы еңбек еткеніңізді аудан, облыс журналистері жақсы біледі. Сіз сол қырық жылдың ішінде айтулы жұмыс істеп қана қоймай, талай жас талапкер журналистерге аға, ақылшы, қамқоршы, ұстаз бола білдіңіз. Бүгінде олардың бірнеше буыны еліміздің ақпарат айдынында қалам сілтеп, сізді ылғи ауыздарынан тастамай, айтып жүргендеріне біз, әріптестеріңіз күйміз.

Болат Қосжанұлы, Сіз қай кезде болмасын газеттің таралымын сақтап қалуға күш салумен қатар, ауылдардың тыныс-тіршілігіне, қарапайым ауыл адамдарының мұң-мұқтажына, ерекше көңіл бөліп, газетіңіз арқылы, адамдар арасында қайырымдылық пен адамгершіліктің салтанат құруына ұйытқы болдыңыз. Өзіңіздің таңғы шықтай таза көңіліңіз бен ақ ниетіңіз сіздің жазған дүниелеріңізден ылғи жарқырап, сәуле шашып көрініп тұратын. Алдыңыздан қанаттанған талай шәкірттеріңіз де Сіздің сол қасиетіңізді бағалап, өзіңізге ұқсауға тырысатын. Ал ондай бақ кез келгенге бұйыра бермейтіні, тек қана ары да, жаны да таза жазармандарға бұйыратыны ақиқат. Болат Есқалиевті бұл жағынан алып қарағанда бақытты журналист деп атауға әбден болады. Адал, алқаусыз еңбегіңіздің арқасында Сіз аудан, облыс, республика деңгейінде талай марапаттарға ие болдыңыз. «Ақпарат саласының үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медалі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, салалық министрліктердің Құрмет грамоталары, Ақжайық ауданының құрметті азаматы атағы соның айғағы.

Болат Қосжанұлы, жоталы жасыңыз құтты болсын! Өзіңізге бақуатты денсаулық, отбасыңызға амандық, жиендеріңізге ата-әжесін қуантатын сәттерді молынан тілейміз! Ортамызда аман-есен ғұмырда ұзақ жасай беруге жазсын, Жасаған ие!

Ігі тілекпен: «Жайық Пресс» ЖШС мен облыстық «Орал өңірі» газетінің ұжымдары

Динаның мәңгілік мұрасы

Кейде тарихты қалың кітаптардан емес, қос ішектің қоңыр үнінен ұғынуға болады. Бір ғана күйде ғасырлардың сыры, бір халықтың мұңы мен қуанышы, сағынышы қатар өріліп жатады. Сол үнді өшпес мұраға айналдырған ұлы тұлғалардың бірі – қазақтың күй анасы Дина Нұрпейісова.

Дина ана – тек күйші емес. Ол – қазақ рухының үнін ғасырдан ғасырға жалғаған аманат иесі. Домбыра оның қолында жай ғана аспап болған жоқ. Ол халықтың жүрегіне айналды. Қос ішектен төгілген әрбір күй өткеннің шежіресін сөйлетіп, болашаққа бағыт сілтеді. Оның шығармаларында еркіндікке ұмтылған елдің арманы, ананың мейірімі, даланың кеңдігі мен қазақтың қайсар мінезі айқын сезіледі.

Осындай қасиетті есімді иеленген білім ошағында оқу – үлкен жауапкершілік. Мектебіміздің әрбір жетістігі, әрбір оқушының арманы мен талпынысы сол ұлы тұлғаның атына лайық болуға ұмтылады.

Біз білім алып жүрген мектеп – рухани құндылықтарға тәрбиелейтін орта. Мұнда біз тек пән оқып қана қоймаймыз. Ұлттық өнерді құрметтеуді, мәдени мұраны бағалауды, елге адал қызмет етудің маңызын түсінеміз. Дина ананың өмір жолы бізге бір ақи-



қатты ұғындырады: адамның байлығы – дүниесінде емес, халқына қалдырған рухани мұрасында.

Қазіргі заман – технологияның ғасыры. Бірақ адамзаттың болашағын техника емес, руханият сақтайды. Ал руханияттың алтын қазығы – ұлттық мәдениет. Өзінің өткенін ұмытқан ұлттың болашағы бұлдыр. Сондықтан Дина Нұрпейісова сынды алыптардың мұрасын тану – тарихқа тағзым ғана емес, болашақ алдындағы парыз.

Мен Дина Нұрпейісова атындағы мектептің оқушысы екенімді мақтан етемін. Өйткені бұл есім маған күн сайын алға қойған арман-мақсатыма жетуге жігер сыйлайды. Дина күйші қалдырған мәңгілік мұра барда қазақтың рухы да, домбыраның қоңыр үні де ешқашан үнсіз қалмайды.

**Гүлназ МӘЛІК,
Көпжасар ауылы,
Жаңақала ауданы**

80 жас

**«Батыс Самал» компаниясы
топтарының ұжымы
Құрманов Сағын Хамитұлын
80 жас мерейтойымен шын жүректен
құттықтайды!**
**Сізге зор денсаулық, бақ-береке және
ұзақ ғұмыр тілейміз!**



Құрманов Сағын Хамитұлы, 1946 жылы 15 шілдеде Қазақ КСР-інің Орал қаласында байырғы офицердің көпбалалы отбасында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1965 жылы №13 орта мектепті тәмамдағаннан кейін В. Ленин орденді Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Орал жөндеу зауытында қосалқы жұмысшы болып бастады. Кейін слесарь-гальваник, инженер-технолог қызметтерін атқарды. 1966-1968 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1972-1975 жылдары аталған зауыттың комсомол комитетінің босатылған хатшысы болып сайланды. 1975-1979 жылдары Алматы қаласындағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінде білім алды. 1979 жылдан 1991 жылға дейін партия құрылымдарында қызмет атқарды: В. Ленин орденді Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Орал жөндеу зауыты партия комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінің жауапты қызметкері, Орал облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері болды. 1991-1994 жылдары Орал облыстық халық депутаттары Кеңесі аппаратының, кейін Орал облыстық әкімшілігінің басшылық қызметтерінде еңбек етті.

2002-2008 жылдары облыстық «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы филиалының жетекшісі болып сайланып, облыстық партия ұйымының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты.

1993 жылдан бастап елімізде нарықтық өзгерістердің белсенді жүзеге асырылу кезеңінде Құрманов Сағын Хамитұлы өңірдегі алғашқы инвестициялық жекешелендіру қорларының бірі – «Ақжайық» инвестициялық жекешелендіру қорын құрды. Осы кезеңде оның жетекшілігімен көптеген кәсіпорынды акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Ол және оның серіктестері облыста ғана емес, республика көлемінде алғашқылардың қатарында болып, бағалы қағаздар нарығын қалыптастырудың, жаңадан құрылған акционерлік қоғамдардың ірі акция пакеттерін шоғырландырудың тәжірибелік жұмыстарын жүзеге асырды. Инвестициялық қордың (кейін қаржы-өнеркәсіптік компания болып қайта

құрылды) жаппай жекешелендіру аясында қайта құрылымдалып жатқан облыс кәсіпорындарын оңалту және сауықтыру бағытындағы атқарған жұмыстары, сондай-ақ Сағын Хамитұлының ұйымдастырушылық қабілеті, табандылығы мен қайсарлығы, сондай-ақ батыл шешім қабылдап, олардың орындалуын қамтамасыз ете білуі көптеген кәсіпорындардың қиын экономикалық жағдайдан шығуына мүмкіндік берді. Кейбір жағдайларда ондаған кәсіпорынды банкроттықтан сақтап қалуға қол жеткізілді. Олардың қатарында «Уральскагрореммаш» АҚ, «Автокомбинат» АҚ, «Газстрой» ЖШС, «УПОСМ» АҚ, «Орал жолдары» АҚ, «Трансагентство» АТП» ЖШС және басқа да кәсіпорындар бар. Аталған кәсіпорындардың барлығы бүгінде табысты жұмыс істеп келеді. Мысалы, «Уральскагрореммаш» АҚ өзінің өндірістік әлеуетін сақтай отырып, арнайы техникалардың жаңа түрлерін – өрт сөндіру автоцистерналарын, коммуналдық машиналарды және жартылай тіркемелі техникаларды шығаруды игерді.

Сағын Хамитұлының бастамасымен 2005 жылы облыстағы үш құрылыс компаниясы өз күш-жігерін біріктіріп, әрі қарай даму мақсатында «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ-ын құрды. Аталған корпорация «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-мен бірлесіп, Батыс Қазақстан облысында әк, силикат кірпіші өндірісінің көлемін ұлғайтуға және құрылыс материалдарының жаңа өндірістерін іске қосуға бағытталған инвестициялық жобаны жүзеге асырды. Жоба аясында белгіленген барлық міндет толық орындалып, кәсіпорын бүгінгі таңда облыс пен көршілес өңірлерді бәсекеге қабілетті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп келеді.

Құрманов Сағын Хамитұлына Орал қаласының құрметті азаматы атағы берілген. Ол «Құрмет» орденімен марапатталған, Қазақстан Республикасы Президентінің алғысхатына ие болған. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы әкімінің және «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы облыстық филиалының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Екі баланың әкесі, бес немере мен шөберенің ардақты атасы.

«Автокомбинат» ЖШС
«БҚҚМК» АҚ
«Уральскагрореммаш» АҚ
«Көктебе» ЖШС
«Газстрой» ЖШС
«АТП «Трансагентство» ЖШС

В. Голоухов
М. Кенжигулов
Г. Бисенов
К. Төлегенов
А. Гасилин
С. Нұрмұханбетов